

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ



ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУДЫҢ ФОРМУЛАСЫ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛЫ

Қосшы қаласы
2023

УДК 343.8
ББК 67.409
Б40

Пікір білдірушілер:

Сейтенов Қалиолла Кабаевич – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының бірінші проректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор

Қуаналиева Гүлдана Амангелдиевна – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің кеден, қаржы және экология құқықтары кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымдарының докторы, профессор

Қылмыстық жаза тағайындаудың формуласы: оқу-әдістемелік құралы / **Бектен Айболат Саматұлы** – Қосшы қ.: Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы, 2023ж. – 60 парақта.

ISBN 978-601-81094-1-6

Бұл оқу-әдістемелік құралы бірінші сатыдағы соттарда қылмыстық істерді қарау нәтижесінде үкім шығарумен жаза тағайындау кезінде қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнамалар мен олардың құрамдас бөлігі болып табылатын Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларындағы мән-жайларды, ережелерді, нормалар мен ескертулерді мұқият назарға алу керектігіне бағыттайды.

Қылмыстық жаза тағайындау мәселесі заңнамаларда тек сөздермен, сөйлемдермен жазбаша ғана көрсетілгендіктен, оларды тәжірибеде қалай қолдану керектігі жөнінде қарапайым мысалдармен, сызбалармен, кестелермен және мерзімдерді есептеудің ең тиімді формулаларымен түсіндіріледі.

Сондай-ақ, тек жаза тағайындау ғана емес, жаза тағайындау барысында міндетті түрде бірге шешілуге тиіс өзге де мән-жайлар, қылмыстардың саралануы, заңнамадағы олқылықтар және оларды өзгерту жөніндегі ұсыныстар баяндалды.

Оқу-әдістемелік құралы прокуратура органдарына қызметке алғаш кіретін бастапқы кәсіби даярлық курстарының тыңдаушыларына, жас мамандар мен тәжірибелі қызметкерлерге де жұмыста пайдалануға арналған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының Оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен (2024 жылғы 12 қаңтардағы №7 хаттамасы) жариялауға ұсынылды.

© Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының
жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы, 2023
© А.С. Бектен, 2023

Мазмұны

Кіріспе	4-5
1. Қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлардың ерекшеліктері.....	6-8
1.1. Қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар.....	6-7
1.2. Қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар.....	7-8
2. Белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындау.....	8-15
3. Қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы бойынша жаза тағайындау.....	16-24
4. Қылмыстардың қайталануы, қауіпті қайталануы кезінде жаза тағайындау.....	24-30
5. Үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындау.....	30-34
6. Шартты түрде соттау.....	34-38
7. Жасы кәмелетке толмағандарға қатысты жаза тағайындаудың ерекшеліктері.....	38-41
8. Жаза тағайындау кезінде ескерілетін өзге де мәселелер.....	42-55
8.1. Қылмыстық заңның кері күші.....	42-45
8.2. Қазақстан Республикасы шегінен тысқары жерге шығарып жіберу қосымша жазасы.....	45-46
8.3. Процестік шығындар.....	46-47
8.3.1. Аудармашыларға төленетін төлемдер.....	47-48
8.4. Жаза тағайындау барысында кейбір қылмыстардың саралану ерекшеліктері.....	49-52
8.5. Татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатудың кейбір мәселелері.....	52-54
Қорытынды.....	55-56
Қолданылған әдебиеттер.....	57-59

Кіріспе

Қай заманда, қандай қоғамда болмасын қылмыстардың орын алып тұратыны табиғи құбылыс. Әр мемлекет қылмыстарға тыйым салатын өздерінің әдет-ғұрыптарына бағытталған заңдарын шығарып, кінәсі дәлелденген жағдайда жеке тұлғаға үкім кесіп, тиісті жазалар белгілейді.

Қылмыс жасағандар жазасыз қалмасын, жәбір көргендердің құқықтары тапталмасын деген мақсатпен арнайы заңнамалар қабылданады және олардың қолданылуын арнайы билік құрылымдары жүзеге асырады.

Әдет-ғұрыпқа қатысты айта кететін болсақ, бұрын қазақ даласында ешқандай түрме болмаған. Қылмыс жасаған адамдарды елден қуу (қайта келместей немесе белгілі бір уақытқа дейін), дүре соғу (неше мәрте екені қылмыстың ауырлығына қарай), құн немесе айып төлету (оның ішінде жылқы тұяғының, малдың түріне әрі санына қарай) және т.б. секілді жазалармен жауапқа тартқан.

Бірде «Қандай елді ұнатасыз?» - деп сұрапты Қазыбек.

«Тәртібі күшті елді» - депті Бөкен.

«Ел тәртіппен күшті дейді, ал тәртіптің өзі немен күшті?» - депті Қазыбек.

Сонда Бөкен: «Тәртіп заңмен немесе дінмен күшті. Әрі заңы жоқ, әрі діні жоқ елде тәртіп те, береке-бірлік те болмайды» - деген екен.

Жазалар әділ қазылармен, хан жарлығымен, ақсақалдар кеңесімен, билер сотымен (оның ішінде алқалы түрде), төрелік билер соты (қазіргі апелляция немесе кассация алқалары) тағайындаған. Істі қарап жаза кескенде дала заңдарына, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерге, Өз-Тәукенің Жеті Жарғысына, Қасым ханның Қасқа жолына, Есім ханның Ескі жолына, шарифатқа және т.б. әр дәуірдің өзіне тән сол кездегі заңдары мен ережелеріне сүйенген.

Салыстырып қарасақ, қазіргі біздің Қылмыстық кодексте айыппұл салудан басқа жазалардың бір де біреуі кездеспейді. Онда да айыппұл тек айлық есептік көрсеткішпен ақша өндіріп алу түрінде салынады.

Дала заңдары үстемдік құрған кезде қазақ жерінде жезөкшелік атымен болмаған. Қыз баланы ата-аналары дүние есігін ашқан сәтінен бастап атастырып, еншілеп сырға салдырып, құда жіберіп, бойжеткен кезінде тұрмысқа берген. Ажырасу да болмаған.

Қазақта «қызға қырық үйден тыйым» деген мақал сөз бар.

Кеңес дәуірінен бастап бүгінгі күнге дейін әдет-ғұрыпқа бейімделген дала заңдарының ешбір сарқыншағы да қалмаған.

Қолданыстағы заңдарға сәйкес жезөкшелік қылмыс қатарына жатпайды. Тек, жеңгетайлық үшін ғана жауаптылық көзделген.

Алайда, ел арасында бала тәрбиелегенде ұят болады, обал болады, жаман болады деген сөздермен ұсақ-түйек қылмыстардан тыйып отырған.

Бір елде қылмыс саналатын әрекет (әрекетсіздік) келесі мемлекетте қылмыс қатарына жатқызылмауы мүмкін.

Тарихқа үңілсек, ең алғашқы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Қылмыстық кодексі (бұдан әрі – ҚазКСР ҚК) 1959 жылы қабылданып, 01.01.1960 жылы күшіне енген.

25.10.1990 жылы Қазақстанның Егемендігі туралы декларация, 16.12.1991 жылы Қазақстанның Тәуелсіздігі туралы Заң қабылданса да, осы ҚазКСР ҚК 31.12.1997 жылға дейін қолданылып келді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі егемендік алғаннан кейін 7 жыл өткен соң қабылданды.

Әрине кодексті әзірлеу оңай болған жоқ. Еліміздің заңгерлері тер төкті.

Ал, 1997 жылғы Кодекс жаңа форматтағы ҚР ҚК 01.01.2015 жылы күшіне енгенге дейін қолданыста болды.

Әр елдің салты басқа демекші, өз еліміздің қазіргі кездегі заңнамаларына сәйкес жаза тағайындаудың қыр-сырын түсіндірудің қарапайым жолдарын іздестірдік.

Мәселен, 2014 жылғы қабылданған Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексімен (бұдан әрі – ҚР ҚК) қылмыстық құқық бұзушылық екіге бөлінді. Оның біріншісі қылмыстық теріс қылықтар және екіншісі қылмыстар.

«Теріс қылық жасағаны үшін сотталған адамның бірден ешқандай сотталғандығы жоқ деп есептеледі (ҚР ҚК 79-бабының 2-бөлігі)»¹.

Ал, «әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адам жазасын өтегеннің өзінде бір жыл бойына жазаға тартылған тұлға болып табылады (ҚР Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің (бұдан әрі - ӘҚБтК) 61-бабы)»².

Осының өзінен әкімшілік құқық бұзушылықтан гөрі қылмыстық теріс қылық үшін жауаптылықтың әлдеқайда жеңілрек екенін көруге болады.

Жалпы қылмыстық жаза тағайындау мәселелері қылмыстық, қылмыстық процестік заңнамалар мен олардың құрамдас бөліктерінде сөздермен ғана түсіндірілген.

Ал, оларды тәжірибеде қалай қолдану керектігі туралы арнайы **формулалар** ешбір заңнамада нақты көрсетілмеген.

Осы оқу-әдістемелік құралда жаза тағайындауды жік-жікке бөле отырып, кестелер мен сызбалар түрінде түсіндіруге тырысып бақтық.

Қолданыстағы кейбір заңдардың бір-біріне қарама-қайшы келетін жерлерінің бары, тәжірибеде қалай қолданылатыны, сондай-ақ қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін нормалардың кездесетіні, сондай-ақ заңдарды жетілдіруге қатысты берілген ұсыныстармен бірге баяндалды.

¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 03.07.2014ж. №226-V ҚРЗ, 10.61.42.188/kaz/docs/K1400000226#z1708

² Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексі 05.07.2014ж. №235-V ҚРЗ, 10.61.42.188/kaz/docs/K1400000235

1. Қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлардың ерекшеліктері

1.1. Қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар

«Жаза тағайындау барысында ҚР ҚК 53-бабының 1-бөлігінде жеке-жеке көзделген «1-11» тармақтардағы мән-жайлардан басқа да жеңілдететін мән-жайларды тануға болады»³.

Мысалы, сотталушының жағымды мінездемесі, асырауында бірнеше балаларының болуы, отбасының жалғыз асыраушысы болып табылатыны, ауыр дертпен ауыратыны, белгілі бір спорт түрінен елдің, әлемнің жеңімпазы екені, жасөспірімді суға батып бара жатқан жерінен құтқарып алғаны, көрсеткен әртүрлі ерліктері, мемлекетке сіңірген еңбектері, дәрменсіз адамдарға көмек көрсеткені және т.б.

Егер жеңілдететін мән-жай ҚР ҚК Ерекше бөлігінің тиісті бабында қылмыстық құқық бұзушылық белгісі ретінде көрсетіліп тұрса, онда жаза тағайындау кезінде қайталап ескерілмеуі мүмкін.

1-кесте

Сотталушыға тағылған айыптың саралануы (ҚР ҚК бабы, бөлігі, тармағы/баптың диспозициясы)	ҚР ҚК 53-бабының 1-бөлігіне сәйкес қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайларға:	ҚР ҚК 53-бабының 1-бөлігінде көзделмеген қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайларға:
Сөйтіп, сотталушы Тәуірбай <u>қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде</u> жәбірленуші Бұқызпайдың денсаулығына ауыр зиян келтіріп, ҚР ҚК 112-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмысты жасаған	Сотталушының айыбын мойындап келуі, шын жүректен өкінуі, қажетті қорғаныстың кезінде қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны , жәбірленушінің қылмыстық құқық бұзушылыққа түрткі болған заңға қайшы немесе бейморалдық мінез-құлқы жатады	Сондай-ақ, сотталушының асырауында 7 баласының бары, дәрменсіз күйдегі ата-анасының болуы, көршілері мен жұмыс орны тарапынан жағымды мінезделетіні жатады

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» 2015 жылғы 25 маусымдағы №4 нормативтік қаулысының 4-тармағына сәйкес, «егер кінәлі адамның жасаған әрекеті өзінің жас балаларына қарсы бағытталған болса немесе

³ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 03.07.2014ж. №226-V ҚРЗ, 10.61.42.188/kaz/docs/K1400000226#z1708

сотталушының асырауында жас балалар болмаса не ол ата-аналық құқықтарынан айырылған болса, ҚК-нің 53-бабы 1-бөлігінің 4) тармағына сәйкес жас балаларының болуы оның қылмыстық жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін мән-жай деп танылуы мүмкін емес»⁴.

Осы нормативтік қаулының 5-тармағына сәйкес, жаза тағайындау кезінде сот әр сотталушыға қатысты оның жауаптылығы пен жазасын жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды міндетті түрде үкімде көрсетуге тиіс.

1.2. Қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар

«Сот жаза тағайындау барысында ҚР ҚК 54-бабының 1-бөлігінде жеке-жеке көзделген «1-16» тармақтардағы мән-жайлардан басқа ауырлататын мән-жайларды тани алмайды»⁵.

Егер осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген мән-жай ҚР ҚК Ерекше бөлігінің тиісті бабында қылмыстық құқық бұзушылық белгісі ретінде көрсетіліп тұрса, онда жаза тағайындау кезінде қайталап ескерілмейді.

2-кесте

Сотталушыға тағылған айыптың саралануы (ҚР ҚК бабы, бөлігі, тармағы/баптың диспозициясы)	ҚР ҚК 54-бабының 1-бөлігіне сәйкес қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайларға:
Сөйтіп, сотталушы Бұқызпай аса қатыгездікпен, бұзақылық ниетпен, төтенше ахуал кезінде жәбірленуші Тәуірбайдың денсаулығына қасақана ауыр зиян келтіріп, ҚР ҚК 106-бабының 2-бөлігінің 4), 7), 12) тармақтарында көзделген қылмысты жасаған	Сотталушының қылмысты алкогольден масаң күйде, аса қатыгездікпен, бұзақылық ниетпен, төтенше ахуал кезінде жасағаны жатады

Бұл жөнінде, жоғарыда айтылып өткен №4 нормативтік қаулысының 4-тармағында да түсінік беріліп өткен.

Атап айтқанда, ҚР ҚК 53-бабында немесе 54-бабында көзделген мән-жай қылмысты саралайтын белгілердің бірі ретінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігіндегі бабының диспозициясында көрсетілсе, сот оны осы қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жай ретінде тани алмайды.

Сонымен қатар егер адам қылмыстық әрекетті ұйымдастырушы деп танылса, қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы ерекше белсенді рөл ауырлататын мән-жай деп танылуы мүмкін емес.

⁴ «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 25.06.2015ж. №4 нормативтік қаулысы, 10.61.42.188/kaz/docs/P150000004S

⁵ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 03.07.2014ж. №226-V ҚРЗ, 10.61.42.188/kaz/docs/K1400000226#z1708

Сот талқылауының шегі айыптау актісін, жеделдетілген сотқа дейінгі тергеп-тексеру хаттамасын, айыптау хаттамасын жасау кезінде тұжырымдалып тағылған айыппен шектеледі. Жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар айыптың мазмұнына енгізіледі. Сондықтан, сот айыптау актісінде көрсетілмеген, жауаптылықты ауырлататын мән-жайлардың бар болуын үкімде белгілеп көрсетсе, ол ҚПК 340-бабының талаптарына сәйкес сотталушының жағдайын ауырлатады және сот талқылауының шегін бұзу болып табылады.

Сот алкогольден, есірткіден немесе уытқұмарлықтан масаң күйде қылмыстық құқық бұзушылық жасауды олардың сипатына қарай бұл мән-жайларды ауырлататын мән-жай деп танымауға құқылы (яғни, сот оны тануы да, танымауы да мүмкін).

2. Белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындау

Бұрынғы кезде ҚР ҚК 55-бабының талаптарын қолдануға онша мән берілмеген болса, 2014 жылы қабылданған ҚР ҚК белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындауды міндеттейді.

Төмендегі сызбада көрсетілген негіздерге сәйкес, ҚР ҚК 55-бабының 1-бөлігінің талаптары бойынша сотталушыға тағылған айыптың тиісті бабында бас бостандығынан айыруды көздемейтін басқа да баламалы жазалар көзделген болса, онда бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалмайды.

3-кесте




Ескерту: ҚР ҚК 55-бабының 1-бөлігінің 2-тармағының талаптары экономикалық қызмет саласындағы ҚР ҚК 218 (қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыру (жылыстату)), 218-1 (заңсыз

иемденілген активтерді мемлекет кірісіне айналдырудан жасыру, сондай-ақ оларды заңдастыру (жылыстату)), 248 (мәміле жасауға немесе оны жасаудан бас тартуға мәжбүрлеу) және 249-баптарда (рейдерлік) көзделген қылмыстарды жасағандарға қолданылмайды.

«ҚР ҚК 55-бабының 2-бөлігі төмендегідей санаттағы қылмыстық құқық бұзушылықтарға қолданылады. Ол үшін міндетті түрде жеңілдететін мән-жайлар болуы, ал ауырлататын мән-жайлар болмауы тиіс. Жеңілдететін мән-жайлардың өзі жасалған қылмыс белгісі ретінде көзделмеген болуы керек» (1-кестені қараңыз) ⁶.


4-кесте



Ең әуелі жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың ауырлық дәрежесін (яғни, қылмыстар санатын) анықтау үшін ҚР ҚК 10 және 11-баптарына назар аудару қажет.

Қылмыстық құқық бұзушылықтар қоғамға қауіптілік және жазаланушылық дәрежесіне қарай қылмыстар және қылмыстық теріс қылықтар болып екіге бөлінеді.

5-кесте




Қылмыстар сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесіне қарай онша ауыр емес қылмыстар, ауырлығы орташа қылмыстар, ауыр қылмыстар және аса ауыр қылмыстар деп төртке бөлінеді.

⁶ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 03.07.2014ж. №226-V ҚРЗ, 10.61.42.188/kaz/docs/K1400000226#z1708

Айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты жасалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады.

ҚР ҚК 10-бабының 3-бөлігіне сәйкес, «**қылмыстық теріс қылық** деп қоғамға зор қауіп төндірмейтін, жеке адамға, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке болмашы зиян келтірген не зиян келтіру қатерін туғызған, оны жасағаны үшін айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу, шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу түріндегі жаза көзделген, айыпты жасалған іс-әрекет (әрекет не әрекетсіздік) танылады»⁷.

6-кесте



ҚР ҚК 55-бабының 2-бөлігінің талаптарын қалай қолдану қажеттігін жіктеп көрелік. Мысалы, қылмыстық теріс қылықты алайық. Сотталушы ҚР ҚК 187-бабының 1-бөлігінде көзделген ұсақ-түйек жымқыру, яғни болмашы мөлшерде алаяқтық жолмен бөтеннің мүлкін ұрлап, жәбірленуші жеке тұлғаға 5200 теңге материалдық залал келтірді делік.

Болмашы мөлшер дегеніміз ҚР ҚК 3-бабының 10-тармақшасына сәйкес, ұйымға тиесілі мүліктің он айлық есептік көрсеткіштен (бұдан әрі - АЕК) аспайтын немесе жеке тұлғаға тиесілі мүліктің екі АЕК-тен аспайтын құны.

1 АЕК-тің мөлшері 2023 жылы 3450 теңгені құрады (**2 АЕК х 3450 теңге = 6900 теңге**). Келтірілген залал мөлшері 6900 теңгеге жетпейтіндіктен сотталушының әрекеті дұрыс сараланған деп танылады.

⁷ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 03.07.2014ж. №226-V ҚРЗ, 10.61.42.188/kaz/docs/K1400000226#z1708

Осы қылмыстық теріс қылық ісі бойынша жеңілдететін мән-жайлар болса, ауырлататын мән-жайлар болмаса, сотталушыға тағайындалатын ҚР ҚК 187-бабының 1-бөлігінің санкциясында көзделген жазалардың ең жоғары мерзімдері мен мөлшері жартысынан аспауы тиіс. Атап айтқанда:

7-кесте

№	Санкцияда көзделген негізгі жазалардың түрі мен мөлшері	ҚР ҚК 55-бабының 2-бөлігін қолдану негізінде асыруға болмайтын мерзім мен мөлшердің жартысы
1	80 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салу	40 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салу
2	не 80 АЕК-ке дейінгі түзеу жұмыстарына тарту	40 АЕК-ке дейінгі мөлшерде түзеу жұмыстарына тарту
3	не 80 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту	не 40 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту
4	не 20 тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алу	не 10 тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алу

Ескерту: «Қамақ үйлерінің салынбағандығынан бұл жазаны қолдану 2003 жылға дейін, одан кейін 2008 жылға дейін кейінге шегертілген болатын. Бұл жазаның тәжірибеде нақты қолданылуы 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап қана қолданысын тапты. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мәліметтеріне сәйкес ҚР ҚК 45-бабында көзделген қамаққа алу сияқты қылмыстық жазаның мұндай түрін соңғы жылдары сот сирек тағайындады. Мысалы, 2017 жылы қамауға алу түріндегі жаза 10 адамға, 2020 жылы 4 адамға ғана қатысты қолданылған (оның үшеуі теріс қылық, біреуі онша ауыр емес қылмыс жасаған)»⁸.

Сол секілді, тұрақты жұмысы бар сотталушының жалақысының (ақшалай үлесінің) оннан елу пайызға дейінгісін ай сайын ұстап қалу түріндегі түзеу жұмыстары жазасы да тәжірибеде өте сирек қолданылады. Мысалы, құқықтық статистика мәліметтері бойынша 2023 жылдың 9 айында республика бойынша 5-ақ іс бойынша сотталушыларға түзеу жұмыстары тағайындалған. Оның барлығы да теріс қылықтар.

Жаза тағайындаған кезде оның жоғары шегін анықтап алдық. Ал, енді ең төменгі шегін де ұмытпауымыз қажет.

⁸ Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес қамаққа алуды жаза ретінде қолданудың кейбір өзекті мәселелері, М.А.Алдиярхан - Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы, Құқық сериясы ISSN:2616-6844, eISSN:2663-1318, 118 бет. file:///C:/Users/UserHome/Downloads/%D0%9F%D1%80%D0%B0%D0%B2%D0%BE+%E2%84%961+-+2022-113-123%20(3).pdf

8-кесте

№	Тағайындалатын жазалардың түсіруге болмайтын ең төменгі мерзімі мен мөлшерінің шегі	ҚР ҚК 55-бабының 2-бөлігін қолдану негізінде асыруға болмайтын мерзім мен мөлшердің жартысы
1	20 АЕК мөлшерінде айыппұл салу (ҚР ҚК 41-бабы 2-бөлігі)	40 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салу
2	20 АЕК-тен бастап түзеу жұмыстарына тарту (ҚР ҚК 42-бабы 3-бөлігі)	40 АЕК-ке дейінгі мөлшерде түзеу жұмыстарына тарту
3	20 сағат мерзімнен бастап қоғамдық жұмыстарға тарту (ҚР ҚК 43-бабы 2-бөлігі)	40 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту
4	10 тәулік мерзімнен бастап қамаққа алу (ҚР ҚК 45-бабы 2-бөлігі)	10 тәулік мерзімге қамаққа алу

Егер сотталушыға қамаққа алу жазасы тағайындалатын болса, оның мөлшерін 10-нан асыруға, сондай-ақ 10-нан түсіруге де болмайтынын көріп тұрмыз. Демек, оған тек қана 10 тәулік мерзімге қамаққа алу жазасы тағайындалуы тиіс.

Тағы бір мысал ретінде аяқталмаған қылмысты алып қарайық. Сотталушы Сотқаров ҚР ҚК 24-бабының 3-бөлігі арқылы 188-бабының 3-бөлігінің 3-тармағында көзделген қылмысты жасағаны үшін кінәлі танылуда.

Оның жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін мән-жайлар ретінде кінәсін толықтай мойындағаны, шын жүректен өкінгені, жәбірленушінің оған кешірім бергені және ешқандай талабы жоқтығы, жағымды мінезделетіні, асырауында қарт ата-анасы мен 7 баласының бары, оның үшеуінің жасөспірім екені анықталды. Ал, жазасы мен жауаптылығын ауырлататын мән-жайлар табылған жоқ.

ҚР ҚК 11-бабының 4-бөлігіне сәйкес, бұл ауыр санаттағы қылмыстар қатарына жатады (өйткені, баптың санкциясында көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі ең ауыр жаза жеті жылдан аспайды).

Мұндай жағдайда, «ҚР ҚК 55-бабының 2-бөлігінің 2) тармақшасы міндетті түрде қолданылуға жатады»⁹.

Алайда, ең бірінші аяқталмаған қылмыс үшін жазаның ең ауыр мерзімін ҚР ҚК 56-бабының 3-бөлігінде көзделген талаптар бойынша төрттен үшіне (3/4), содан соң ғана ҚР ҚК 55-бабының 2-бөлігінің 2) тармақшасына сәйкес үштен екісіне (2/3) түсіруіміз қажет.

Оны есептеп шығарудың **бірінші формуласы** мынадай:

Ең ауыр жаза мерзімі 7 жылды 12 айға көбейтіп, шыққан 84 айды 4-ке бөлеміз, шыққан 21 санын 3-ке көбейтіп, шыққан 63 санын 12 айға бөлгенде

⁹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 03.07.2014ж. №226-V ҚРЗ, 10.61.42.188/kaz/docs/K1400000226#z1708

нәтижесінде 5,25 саны шығады. 5 жылды бөліп алып, 0,25 санын 12 айға көбейткенде 3 ай шығады. Нәтижесінде 5 жыл 3 ай шығады.

9-кесте

1	$7 \times 12 = 84$	Ең ауыр жаза мерзімі 7 жыл 12 айға көбейтіледі
2	$84 / 4 = 21$	шыққан 84 ай 4-ке бөлінеді
3	$21 \times 3 = 63$	шыққан 21 саны 3-ке көбейтіледі
4	$63 / 12 = 5,25$	шыққан 63 саны 12 айға бөлінеді
5	5,25	нәтижесінде 5,25 саны шығады
6	$(0,25 \times 12 = 3)$	5 жылды бөліп алып, 0,25 санын 12 айға көбейткенде 3 ай шығады
7	5,25 дегеніміз 5 жыл 3 ай	Нәтижесінде 5 жыл 3 ай шығады

Екінші формула былай есептеледі:

Атап айтқанда, ең ауыр жаза мерзімі 5,25 жылды 12 айға көбейтіп, шыққан 63 айды 3-ке бөлеміз, шыққан 21 санын 2-ге көбейтіп, шыққан 42 санын 12 айға бөлгенде нәтижесінде 3,5 саны шығады. 3 жылды бөлек алып, 0,5 санын 12 айға көбейткенде 6 ай, нәтижесінде 3 жыл 6 ай шығады.

10-кесте

1	$5,25 \times 12 = 63$	Ең ауыр жаза мерзімі 5,25 жыл 12 айға көбейтіледі
2	$63 / 3 = 21$	шыққан 63 ай 3-ке бөлінеді
3	$21 \times 2 = 42$	шыққан 21 саны 2-ге көбейтіледі
4	$42 / 12 = 3,5$	шыққан 42 саны 12 айға бөлінеді
5	3,5	нәтижесінде 3,5 саны шығады
6	$(0,5 \times 12 = 6)$	3 жылды бөліп алып, 0,5 санын 12 айға көбейткенде 6 ай шығады
7	3,5 дегеніміз 3 жыл 6 ай	Нәтижесінде 3 жыл 6 ай шығады

Демек, сотталушы Сотқаровқа ҚР ҚК 24-бабының 3-бөлігі арқылы 188-бабының 3-бөлігінің 3-тармағымен тағайындалатын бас бостандығынан айыру жазасының мерзімі мен мөлшері 3 жыл 6 айдан аспауы тиіс.

ҚР ҚК 55-бабының 3-бөлігінің талаптарына сәйкес, «жеделдетілген сотқа дейінгі тергеп-тексеру істері бойынша, сондай-ақ процестік келісімнің барлық шарттары орындалған істер бойынша жасалған қылмыстық құқық

бұзушылық үшін жазаның негізгі түрінің мерзімін немесе мөлшерін осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабында көзделген ең жоғары мерзімнің немесе мөлшердің жартысынан асыруға болмайды»¹⁰.

Жалпы заңнамамен ешқандай тыйым салынбаса да, тәжірибеде ҚР ҚК 55-бабының 2 және 3-бөліктерінің біреуі ғана қолданылады.

2014 жылы қабылданған ҚР ҚПК 63-тарауының талаптары бойынша «кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы және ынтымақтастық туралы процестік келісімдер жасалуы мүмкін»¹¹.

11-кесте

Кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісім	Ынтымақтастық туралы процестік келісім
Өтініштерді мәлімдеу мерзімдері	
Өтініш іс жүргізудің кез келген сәтінде сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін мәлімделуі мүмкін	Өтінішхат сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған кезден бастап және үкімді орындау сатысын қоса алғанға дейін мәлімделуі мүмкін
Келісім жасау нысаны	
Онша ауыр емес, ауырлығы орташа не ауыр қылмыстар бойынша күдікті, айыпталушы келтірілген күдікпен, айыптаумен келіскен жағдайда	Қылмыстық топ, өзге де адамдар жасаған аса ауыр қылмыстарды, сондай-ақ экстремистік және террористік қылмыстарды ашуға және тергеп-тексеруге ықпал ету кезінде барлық санаттағы қылмыстар бойынша

Айыптау үкімі бұйрықты іс жүргізу тәртібімен шығарылған істер бойынша айыппұл қылмыстық теріс қылық жасалған кезде – АЕК-тің 10-нан 20-ға дейінгі, онша ауыр емес қылмыс жасалған кезде АЕК-тің 50-ден 200-ге дейінгі мөлшерінде тағайындалады.

ҚР ҚК 55-бабының 4-бөлігінде **ерекше мән-жайлар** және іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігі дәрежесін едәуір азайтатын басқа да мән-жайлар болған кезде тиісті баптарда көзделген ең төменгі шектен төмен жаза тағайындалуы мүмкін екені көрсетілген.

Бұл кезде іс-әрекеттің мақсаттары мен себептеріне, кінәлі адамның рөліне, оның қылмыстық құқық бұзушылық жасау кезіндегі немесе одан кейінгі мінез-құлқына назар аудару қажет.

Мысалы, ҚР ҚК 99-бабының 1-бөлігінің (қасақана адам өлтіру) санкциясында 8 жылдан 15 жылға дейінгі мерзім аралығында бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.

Егер осы қылмысты жасы 90-ды алқымдаған, денсаулығы нашар, мүгедек, өздігінен әрең қозғалатын қария жасаған болса, оның осы жағдайы ерекше мән-жай ретінде танылып, оған бас бостандығынан айыруды көздемейтін, аталған баптың санкциясында болмаса да, өзге жаза түрін қолдануға болады. Дәлірек айтқанда, 8 жылдан да төмен бас бостандығынан айыру немесе бас бостандығын шектеу жазасы қолданылуы мүмкін.

¹⁰ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 03.07.2014ж. №226-V ҚРЗ, 10.61.42.188/kaz/docs/K1400000226#z1708

¹¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі, 04.07.2014ж. №231-V ҚРЗ, <http://10.61.42.188/kaz/docs/K1400000231>

Себебі, жеңілдететін жекелеген мән-жайлар да, осындай мән-жайлардың жиынтығы да ерекше мән-жайлар деп танылуы мүмкін.

Бұл жөнінде, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» 2015 жылғы 25 маусымдағы №4 нормативтік қаулысының 7-тармағында да көрініс тапқан.

Атап айтқанда, «ҚР ҚК 55-бабына сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін тиісті бапта белгіленген төменгі шектен төмен жаза тағайындауға не қылмыстық құқық бұзушылық сараланған ҚК-нің бабының санкциясында көрсетілмеген жазаның неғұрлым жеңіл түрін тағайындауға немесе міндетті жаза ретінде көзделген қосымша жазаны қолданбауға тек қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамға қауіптілік дәрежесін едәуір азайтатын ерекше мән-жайлар анықталған жағдайда, сондай-ақ топтың жасаған қылмысына сыбайлас қатысушы топтың жасаған қылмыстарын ашуға белсене жәрдемдескен кезде ғана жол беріледі»¹².

Ерекше мән-жайлар болған кезде ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаудың өзі адамға төменгі шектен төмен жазаны тағайындауға кедергі болмайды.

Осы нормативтік қаулының 6-тармағына сәйкес, егер ҚК-нің Жалпы бөлігінің ережелеріне сәйкес адамға ҚК-нің Ерекше бөлігінің тиісті бабының санкциясында көзделген жазаның бір де біреуі тағайындала алмаса, онда сот ҚК-нің 55-бабының төртінші бөлігіне сілтеме жасамай, оған ҚК-нің 40 немесе 81-бабында көзделген жазаның неғұрлым жеңіл түрін тағайындайды. Сот қабылдаған шешімнің негіздемесі ҚК-нің Жалпы бөлігінің жазаның сол немесе өзге түрін қолдануға тыйым салуды белгілейтін тиісті нормасының ережесіне сілтеме жасалып, үкімнің уәждеу бөлігінде жазылуға тиіс.

ҚР ҚК 55-бабының ережелері кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыс жасаған адамдарға, мұндай қылмысты кәмелетке толмаған адам 14-тен 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған адамға қатысты жасаған жағдайды қоспағанда, қолданылмайды.

Осы баптың 2-ші немесе 3-ші бөліктерінде көрсетілген мән-жайлар болған кезде, жаза осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген төменгі шектен төмен тағайындалуы мүмкін.

Мәселен, ҚР ҚК 188-бабының 3-бөлігінің санкциясында бас бостандығынан айыру жазасының ең төменгі шегі 2 жылдан басталады. Бұл мерзімді 6 айға дейін төмендетуге болады. Өйткені, ҚР ҚК 46-бабының 3-бөлігіне сәйкес бас бостандығынан айыру жазасы 6 айдан бастап белгіленеді.

¹² «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 25.06.2015ж. №4 нормативтік қаулысы, 10.61.42.188/kaz/docs/P150000004S

3. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша жаза тағайындау

ҚР ҚК 58-бабының 1-бөлігінде «қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы кезінде сот әрбір құқық бұзушылық үшін бөлек жаза (негізгі және қосымша) тағайындап, онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру арқылы немесе тағайындалған жазаларды толық немесе ішінара қосу арқылы түпкілікті жазаны айқындайды» деп көрсетілген¹³.

Ал, енді қылмыстар жиынтығына қандай баптар кіреді, қандай баптар алынып қалады, жаза қалай, қай бап бойынша тағайындалады? Алдымен соны анықтап алу қажет.

Мысалы, бір сотталушыға біркелкі қылмыс жасағаны үшін сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында қылмыстық қудалау органымен 9 эпизодтан тұратын айып тағылған. Сотта оның жауаптылығы мен жазасын ауырлататын және жеңілдететін мән-жайлар табылған жоқ. Сотталушының әрекеттерінің саралануы мен оған жаза тағайындау формуласы төмендегідей болып келеді.

12-кесте

№	Тергеу органымен тағылған айыптар	Сотта саралануға тиіс баптар	Қылмыстар жиынтығымен жаза тағайындау тәсілі
1	188-бабы 1-бөлігі	188-бабы 1-бөлігі	24-бабы 3-бөлігі, 188-бабы 3-бөлігі 2), 3) тармақтарымен ҚР ҚК 56-бабының 3-бөлігін қолдану негізінде 3 жылға бас бостандығынан айыру, 188-бабы 4-бөлігі 3) тармағымен 6 жылға бас бостандығынан айыру, ҚР ҚК 58-бабының 3-бөлігін қолдану негізінде онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру арқылы түпкілікті 6 жылға бас бостандығынан айыру
2	188-бабы 2-бөлігі 1) тармағы	188-бабы 2-бөлігі 1) тармағы	
3	188-бабы 3-бөлігі 2) тармағы	188-бабы 3-бөлігі 2) тармағы	
4	188-бабы 3-бөлігі 2), 3) тармақтары	188-бабы 3-бөлігі 2), 3) тармақтары	
5	188-бабы 3-бөлігі 2), 3) тармақтары	188-бабы 3-бөлігі 2), 3) тармақтары	
6	188-бабы 3-бөлігі 1), 2), 3) тармақтары	188-бабы 3-бөлігі 1), 2), 3) тармақтары	
7	24-бабы 3-бөлігі, 188-бабы 3-бөлігі 2), 3) тармақтары	24-бабы 3-бөлігі, 188-бабы 3-бөлігі 2), 3) тармақтары	
8	188-бабы 4-бөлігі 3) тармағы	188-бабы 4-бөлігі 3) тармағы	
9	188-бабы 3-бөлігі 2), 3) тармақтары	188-бабы 3-бөлігі 2), 3) тармақтары	

¹³ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 03.07.2014ж. №226-V ҚРЗ, 10.61.42.188/kaz/docs/K1400000226#z1708

Бұл жерде көріп тұрғандарыңыздай, 12-кестеде көрсетілген 1, 2, 3, 4, 5, 6 және 9 эпизодтар бойынша тағылған айыптар ҚР ҚК ең ауырлау бабымен тағылған аяқталған және аяқталмаған қылмыстармен саралануға жатады.

Нәтижесінде ҚР ҚК 188-бабы 4-бөлігі 3) тармағымен және 24-бабы 3-бөлігі, 188-бабы 3-бөлігі 2), 3) тармақтарымен ғана жаза тағайындалып отыр.

Бірақ, осы баптардың 1, 2, 3 бөліктері мен олардың тармақтарында көзделген қылмыс белгілері (ірі мөлшерде; адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен; бірнеше рет; тұрғын, қызметтік немесе өндірістік үй-жайға, қоймаға не көлік құралына заңсыз кірумен жасалған ұрлық) негізгі айыппен бірге қала береді.

«Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуын және жиынтығын саралау туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 25.12.2006 жылғы №11 нормативтік қаулысының 3-тармағына сәйкес, «егер бірнеше рет жасау қылмыстық-құқықтық нормада саралаушы белгі ретінде көрсетілсе, онда белгілі бір адамның бірнеше ұқсас қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауы осы қылмыстық құқық бұзушылықты бірнеше рет жасағаны үшін жауаптылық көздейтін ҚК тиісті бабы (бабының бөлігі) бойынша тұтастай саралауға жатады»¹⁴.

Әр түрлі саралаушы белгілерді көздейтін ҚК белгілі бір бабының әр түрлі бөлімдерінде қаралған бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықтар жасалған кезде бұл әрекеттер тек баптың неғұрлым қатаң жаза белгілейтін және барлық саралаушы белгілерін қамтитын бөлігі бойынша ғана тұтастай саралауға жатады. Мұндай жағдайларда қылмыстық заңның осы бабының өзге бөліктерінде көрсетілген әрекеттерге қатысты анықталған қылмыстық құқық бұзушылықтың саралаушы белгілері тағылуға жатады және үкімде көрсетілуі тиіс.

Аяқталмаған қылмыстық құқық бұзушылық ҚК 24-бабының тиісті бөлігі және ҚК Ерекше бөлімінің бабы (бабының бөлігі) бойынша, ал аяқталған қылмыстық құқық бұзушылық - осы қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылық көздейтін ҚК бабы бойынша саралауға жатады.

Егерде сотталушының жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін мән-жайлар көп болып, ауырлататын мән-жайлар мүлдем жоқ болса, онда ҚР ҚК 55-бабының 2-бөлігінің 2) тармақшасының талаптары қолданылып, жазасы 6 жылдан да төмендетілуі мүмкін.

Енді түсінікті болу үшін жазаларды сіңіру мен қосу қандай жағдайда жүзеге асырылатынын кестеде бөліп қарастырайық.

¹⁴ «Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуын және жиынтығын саралау туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 25.12.2006ж. №11 нормативтік қаулысы, 10.61.42.188/kaz/docs/P06000011S_

13-кесте

№	Қылмыс санаттары	Түпкілікті жаза түрі	ескерту
1	Егер қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығында тек қылмыстық теріс қылықтар қамтылса	онда түпкілікті жаза онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру арқылы не жазаларды ішінара немесе толық қосу арқылы тағайындалады	Бұл ретте айыппұл түріндегі жазаның түпкілікті мөлшерін – 400 айлық есептік көрсеткіштен, ал қоғамдық жұмыстарға тарту немесе қамаққа алу түріндегі жазаның түпкілікті мерзімін тиісінше 400 сағаттан немесе 50 тәуліктен асыруға болмайды
2	Егер қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығына тек қылмыстық теріс қылықтар, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар кірсе	онда түпкілікті жаза онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру арқылы тағайындалады	
3	Егер қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығына ауыр немесе аса ауыр қылмыс кірсе	түпкілікті жаза онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру арқылы немесе жазаларды ішінара немесе толық қосу арқылы тағайындалады	Бұл ретте бас бостандығынан айыру түріндегі түпкілікті жазаны жиырма жылдан асыруға болмайды
4	Егер қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығына жасалғаны үшін осы Кодексте жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түрінде жаза көзделген ең болмағанда бір аса ауыр қылмыс кірсе	онда түпкілікті жаза жазаларды ішінара немесе толық қосу арқылы тағайындалады	Бұл ретте бас бостандығынан айыру түріндегі түпкілікті жазаны жиырма бес жылдан асыруға болмайды
5	Егер қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығына жасалғаны үшін осы Кодексте жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түрінде жаза көзделген ең болмағанда бір аса ауыр қылмыс , сондай-ақ жасалғаны үшін айыппұл тағайындалған қылмыстық теріс қылық кірсе	онда түпкілікті жаза онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру арқылы тағайындалады	
6	Егер жиынтыққа кіретін қылмыс үшін өмір бойына бас бостандығынан айыру тағайындалса	онда түпкілікті жаза өмір бойына бас бостандығынан айыру түрінде тағайындалады	

«Қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы бойынша тағайындалған негізгі жазаға жиынтықты құрайтын құқық бұзушылықтар үшін тағайындалған қосымша жазалар қосылуы мүмкін. Ішінара немесе толық қосу кезінде түпкілікті қосымша жазаны осы Кодекстің Жалпы бөлігінің осы жаза түрі үшін белгіленген ең жоғары мерзімнен немесе мөлшерден асыруға болмайды (ҚР ҚК 58-бабы 5-бөлігі)»¹⁵.

№4 нормативтік қаулыда «жеңілірек жазаны неғұрлым ауыр жазаға сіңіру қағидатын қолданған кезде жазалардың қатаңдық дәрежесі ҚК-нің 40-бабында қандай ретпен көрсетілсе, сондай рет бойынша анықталатынын соттардың ескергендері жөн» деп көрсетілген. Атап айтқанда, жазалардың ауырлық дәрежесі төмендегідей:

14-кесте

Қылмыстық теріс қылық жазалары	Қылмыстық құқық бұзушылық жазалары
1) айыппұл;	1) айыппұл;
2) түзеу жұмыстары;	2) түзеу жұмыстары;
3) қоғамдық жұмыстарға тарту;	3) қоғамдық жұмыстарға тарту;
4) қамаққа алу;	4) бас бостандығын шектеу;
5) шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу	5) бас бостандығынан айыру қолданылуы мүмкін.

Мысалы, қылмыстар жиынтығы бойынша тағайындалған айыппұл жазасы кестедегі ретпен одан кейін тұрған жазаларға сіңіріледі. Сондай-ақ, басқа жазалардың барлығы ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру жазасына сіңірілуі тиіс. Оларды кесте түрінде көрсететін болсақ:

15-кесте

ҚР ҚК баптары	Тағайындалатын қылмыстық жазалар
ҚР ҚК 99-бабы 1-бөлігі	9 жылға бас бостандығынан айыру
ҚР ҚК 345-1-бабы 1-бөлігі	300 сағат мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту
200-бабы 2-бөлігі 3-тармағы	5 жыл мерзімге бас бостандығын шектеу
287-бабы 3-бөлігі	400 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салу
192-бабы 2-бөлігі 5-тармағы	6 жылға бас бостандығынан айыру
ҚР ҚК 58-бабы 3-бөлігі онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру арқылы түпкілікті	9 жылға бас бостандығынан айыру

Жиынтыққа кіретін қылмыстық құқық бұзушылықтың әрқайсысына жазаның бір түрі тағайындалған кезде, олардың ішіндегі мерзімі мен мөлшері көп жаза неғұрлым қатаң жаза болып есептеледі.

¹⁵ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 03.07.2014ж. №226-V ҚРЗ, 10.61.42.188/kaz/docs/K1400000226#z1708

16-кесте

ҚР ҚК баптары	Тағайындалатын қылмыстық жазалар
ҚР ҚК 99-бабы 2-бөлігі 1,7,8-тармақтары	15 жылға бас бостандығынан айыру
200-бабы 2-бөлігі 1,2-тармақтары	2 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығын шектеу
202-бабы 2-бөлігі 1,5-тармақтары	4 жыл 8 айға бас бостандығынан айыру
192-бабы 4-бөлігі 2-тармағы	11 жыл 3 айға бас бостандығынан айыру
ҚР ҚК 58-бабы 4-бөлігі жазаларды ішінара қосу арқылы түпкілікті	25 жылға бас бостандығынан айыру

Жалпы тәжірибеде қылмыстар жиынтығы бойынша жазаларды толық қосу қағидаты көп қолданылмайды. Көбінесе жазаларды ішана қосу жүзеге асырылады.

«Толық қосу кезінде жазалардың мерзімдері мен мөлшерлері ҚР ҚК 61-бабының талаптарына сәйкес қосылады»¹⁶.

17-кесте

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы және үкімдердің жиынтығы бойынша жазаларды ішінара немесе толық қосу кезінде:	
бас бостандығынан айырудың бір күніне	айыппұлдың немесе түзеу жұмыстарының төрт айлық есептік көрсеткіші, қоғамдық жұмыстардың төрт сағаты, қамаққа алудың бір тәулігі, бас бостандығын шектеудің бір күні сәйкес келеді
бас бостандығын шектеудің бір күніне	айыппұлдың немесе түзеу жұмыстарының төрт айлық есептік көрсеткіші, қоғамдық жұмыстардың төрт сағаты, қамаққа алудың бір тәулігі сәйкес келеді
қамаққа алудың бір тәулігіне	айыппұлдың немесе түзеу жұмыстарының төрт айлық есептік көрсеткіші, қоғамдық жұмыстардың төрт сағаты сәйкес келеді
қоғамдық жұмыстардың бір сағатына	айыппұлдың немесе түзеу жұмыстарының бір айлық есептік көрсеткіші сәйкес келеді
түзеу жұмыстарының бір айлық есептік көрсеткішіне	айыппұлдың бір айлық есептік көрсеткіші сәйкес келеді

Егер жиынтыққа кіретін қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін түрі мен мөлшері бойынша бірдей жаза тағайындалса, онда бір жазаны басқа жазаға сіңіру жолымен түпкілікті жаза тағайындауға олар қылмыстық заңның

¹⁶ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 03.07.2014ж. №226-V ҚРЗ, 10.61.42.188/kaz/docs/K1400000226#z1708

тиісті баптарының ең жоғарғы санкциялары шектерінде тағайындалған жағдайда ғана жол беріледі.

Жиынтық бойынша тағайындалған негізгі жазаға жиынтықты құрайтын құқық бұзушылықтар үшін тағайындалған қосымша жазалар қосылуы мүмкін.

Арнаулы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградалардан айыру, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу, мүлікті тәркілеу, сондай-ақ медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары оларды айыппұлмен, түзеу жұмыстарымен, қоғамдық жұмыстарға тартумен, бас бостандығын шектеумен, қамаққа алумен, бас бостандығынан айырумен қосқан кезде дербес орындалады.

Заңгерлердің көпшілігі ҚР ҚК 58-бабының 6-бөлігінің нормаларын қолдану кезінде қателіктерге жол беріп жатады. Сондықтан, аталған норманы мысалмен әрі сызбамен түсіндіріп өтуді жөн көрдік.

Осы 6-бөлікте «егер сотталған адамның ісі бойынша сот үкім шығарғаннан кейін оның бірінші іс бойынша үкім шығарылғанға дейін жасаған тағы да басқа қылмыстық құқық бұзушылыққа кінәлі екені анықталса, жаза осы баптың қағидалары бойынша тағайындалады. Бұл жағдайда соттың бірінші үкімі бойынша өтелген жаза түпкілікті жаза мерзіміне есептеледі» деп көрсетілген¹⁷.

Неге екі сот үкімін (оның біреуі заңды күшіне енген) үкімдер жиынтығымен емес, неліктен қылмыстар жиынтығымен қосуымыз немесе жазаларды бір-біріне сіңіруіміз керек?

Себебі, екі қылмысты да бір мезгілде тергеп, бір мезгілде сотта қарайтын болса, олар бойынша қылмыстар жиынтығымен бір үкім шығар еді. Алайда, бірінші қылмыс бойынша іс әртүрлі себептермен (мысалы, ол кезде қылмыстың әлі ашылмауы, белгісіз болуы және т.б.) сотқа кейінірек жолдануы мүмкін. Ал, одан кейінгі немесе қатарлас жасалған қылмыс оқиғасы бойынша іс сотта қаралып, үкім әлдеқашан шығарылып қойған делік. Сондықтан, екі жаза қылмыстар жиынтығымен тағайындалуға жатады.

¹⁷ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 03.07.2014ж. №226-V ҚРЗ, 10.61.42.188/kaz/docs/K1400000226#z1708

18-кесте

ҮКІМ 18.05.2021 жыл			ҮКІМ 10.01.2023 жыл		
Қылмысты	05.03.2021	жылы	Қылмысты	25.03.2021	жылы
жасаған.			жасаған.		
Тентекбаев ҚР ҚК 190 бабы 3-бөлігі 1) тармағымен кінәлі деп танылып, оған 4 жылға бас бостандығынан айыруға жаза тағайындалған.			Тентекбаев ҚР ҚК 188 бабы 3-бөлігі 1), 2), 3) тармақтарымен кінәлі деп танылып, оған осы баппен 3 жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалып, ҚР ҚК 58-бабы 6-бөлігі қолданыла отырып, онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру арқылы түпкілікті 4 жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.		
(Жазасының өтелмеген бөлігі: 2 жыл 4 ай 8 күн)					

Бұл кестеге сәйкес «екі қылмыс ҚР ҚК 60-бабының талаптарының негізінде үкімдердің жиынтығы бойынша қосылуға жатпайды. Оның орнына ҚР ҚК 58-бабы 6-бөлігінің талаптарының негізінде жазалар қылмыстар жиынтығы негізінде онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру арқылы немесе жазаларды ішінара немесе толық қосу арқылы жүзеге асырылады. Себебі, соңғы қылмыс (25.03.2021 жылы) алғашқы үкім (18.05.2021 жылы) шығарылғанға дейін жасалған»¹⁸.

18-кесте жазаларды сіңіру жолымен жүзеге асырылса, жазаларды ішінара қосу төмендегідей болып келеді. Жазаларды толық қосу қағидаты көбіне көп қолданыла бермейді, өйткені түпкілікті жаза аса ауыр істер бойынша тағайындалатын жазамен пара-пар болып кетеді (3+4=7).

¹⁸ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 03.07.2014ж. №226-V ҚРЗ, 10.61.42.188/kaz/docs/K1400000226#z1708

ҮКІМ 18.05.2021 жыл	ҮКІМ 10.01.2023 жыл
Қылмысты 05.03.2021 жылы жасаған. Тентекбаев ҚР ҚК 190 бабы 3-бөлігі 1) тармағымен кінәлі деп танылып, оған 4 жылға бас бостандығынан айыруға жаза тағайындалған. (Жазасының өтелмеген бөлігі: 2 жыл 4 ай 8 күн)	Қылмысты 25.03.2021 жылы жасаған. Тентекбаев ҚР ҚК 188 бабы 3-бөлігі 1), 2), 3) тармақтарымен кінәлі деп танылып, оған осы баппен 3 жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалып, ҚР ҚК 58-бабы 6-бөлігі қолданыла отырып, жазаларды ішінара қосу арқылы түпкілікті 5 жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

Жоғарғы Соттың №4 нормативтік қаулысының 12-тармағында «бұрынғы соттылықтардың санын анықтай отырып, үкім шығарғанға дейін бірінші іс бойынша жасалған қылмыстар үшін соттылық қылмыстардың жиынтығы бойынша ҚК-нің 58-бабы 6-бөлігінің негізінде түпкілікті жаза белгіленіп, бір соттылық болып есептелетінін соттардың назарда ұстағандары жөн» деп көрсетілген¹⁹.

Осы нормативтік қаулының 15-тармағына сәйкес соттар ҚК-нің 58-бабының 6-бөлігінің негізінде үкімдер жиынтығы бойынша жаза тағайындау кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы бойынша түпкілікті жаза алғашқы үкім бойынша тағайындалған жазадан төмен болмауын, себебі мұндай жағдайларда жазаларды сіңірген немесе қосқан кезде алғашқы үкіммен тағайындалған жазаның өтелмей қалған бөлігін емес, жазаның толық мөлшерін негізге алу қажеттілігін ескергендері жөн.

Егер үкім шығарылып қойғаннан кейін сотталған адамның тағы басқа қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін айыпты екені, олардың кейбіреулері үкім шығарылғанға дейін, ал басқалары үкім шығарылғаннан кейін жасалғаны анықталса, екінші үкім бойынша жаза ҚК-нің 58-бабымен қатар 60-бабы қолданыла отырып тағайындалады: алдымен алғашқы үкім шығарылғанға дейін жасалған қылмыстар жиынтығы бойынша жаза белгіленеді, одан кейін ҚК-нің 58-бабы алтыншы бөлігінің ережелері қолданылады, одан соң алғашқы үкім шығарылғаннан кейін жасалған қылмыстар жиынтығы бойынша жаза белгіленеді және түпкілікті жаза үкімдер жиынтығы бойынша тағайындалады.

¹⁹ «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 25.06.2015ж. №4 нормативтік қаулысы, 10.61.42.188/kaz/docs/P150000004S

ҮКІМ 18.05.2021 жыл	ҮКІМ 10.01.2023 жыл
Қылмысты 05.03.2021 жылы жасаған. Тентекбаев ҚР ҚК 190 бабы 3-бөлігі 1) тармағымен кінәлі деп танылып, оған 4 жылға бас бостандығынан айыруға жаза тағайындалған. (Жазасының өтелмеген бөлігі: 2 жыл 4 ай 8 күн)	1-эпизодтағы (ҚР ҚК 188 бабы 3-бөлігі 1), 2), 3) тармақтары) қылмысты 25.03.2021 жылы жасаған. 2-эпизодтағы қылмысты (ҚР ҚК 106-бабы 1-бөлігі) 07.11.2022 жылы жасаған. Тентекбаев ҚР ҚК 188 бабы 3-бөлігі 1), 2), 3) тармақтарымен кінәлі деп танылып, оған осы баппен 3 жылға бас бостандығынан айыру, ҚР ҚК 58-бабы 6-бөлігі қолданыла отырып, онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сiңiру арқылы түпкiлiктi 4 жылға бас бостандығынан айыру, ҚР ҚК 106-бабы 1-бөлігімен 5 жылға бас бостандығынан айыру, ҚР ҚК 60-бабы 1-бөлігін қолдану негізінде жазаларды ішінара қосу жолымен түпкiлiктi 7 жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

Егер адам үкім шығарылғаннан кейін, бірақ ол заңды күшіне енгенге дейін жаңа қылмыстық құқық бұзушылық жасаса, онда сот дәл осындай негізбен ҚР ҚК 58-бабы 6-бөлігінің қағидаларына сәйкес оған қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша жаза тағайындайды.

4. Қылмыстардың қайталануы, қауіпті қайталануы кезінде жаза тағайындау

«Қылмыстардың қайталануы немесе қылмыстардың қауіпті қайталануы жағдайында жаза тағайындау кезінде бұрын жасалған қылмыстардың саны, сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесі, оның алдындағы жазаның түзету ықпалының жеткіліксіздігіне себеп болған мән-


жайлар, сондай-ақ жаңадан жасалған қылмыстардың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесі ескеріледі (ҚР ҚК 59-бабы)»²⁰.

№4 нормативтік қаулының 12-тармағында «соттар ҚК-нің 14-бабының 3-бөлігіне сәйкес қылмыстардың қайталануын және қауіпті қайталануын тану кезінде алынған және жойылған соттылықтар, сондай-ақ адамның 18 жасқа толғанға дейінгі жасаған қылмыстары үшін соттылықтары есепке алынбайтынын назарда ұстағандары жөн» деп көрсетілген²¹.

Сонымен бірге, ҚК-нің 14-бабының 2-бөлігі бойынша қылмыстардың қауіпті қайталануын тану кезінде, адамның ауыр немесе аса ауыр қылмыстар үшін сотталуына байланысты алынбаған немесе жойылмаған соттылықтары ескеріледі.

Ал, ҚР ҚК 14-бабына сәйкес, қылмыстардың қайталануының екі түрі бар.

21-кесте




Сотталғандықты алып тастау немесе оны жою мәселелері ҚР ҚК 79-бабында нақты көрсетілген.

²⁰ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 03.07.2014ж. №226-V ҚРЗ, 10.61.42.188/kaz/docs/K1400000226#z1708

²¹ «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 25.06.2015ж. №4 нормативтік қаулысы, 10.61.42.188/kaz/docs/P150000004S

22-кесте



Жазадан босатылған, сондай-ақ қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін сотталған адам сотталғандығы жоқ деп танылады (ҚР ҚК 79-бабының 2-бөлігі).

Салыстырмалы түрде осы әдістемілік құралдың кіріспе бөлігінде айтылып өткендей, теріс қылық жасағаны үшін сотталған адамның ешқандай сотталғандығы болмайды, ал «әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адам жазасын өтегеннің өзінде бір жыл бойына жазаға тартылған тұлға болып тұра береді (ҚР ӘҚБтК 61-бабы)»²².

Жалпы қылмыстардың қайталануын тану мәселесін шешкен кезде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың қылмыстардың қайталануы туралы заңдарды қолдануы туралы» 2007 жылғы 25 желтоқсандағы №8 Нормативтік қаулысын басшылыққа алу қажет²³.

Осы нормативтік қаулының 24-тармағына сәйкес қылмыстардың қайталануының болуы ҚК-нің 54-бабы 1-бөлігінің а) тармағына сәйкес қылмыстық жауапкершілікті және жазаны ауырлататын мән-жайлар ретінде ескеріледі. Қылмыстардың қайталануы немесе қылмыстардың қауіпті қайталануы жағдайында жаза тағайындау кезінде ҚК-нің 59-бабына сәйкес бұрын жасалған қылмыстардың саны, сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесі, оның алдындағы жазаның түзету ықпалының жеткіліксіз болып шығуына себеп болған мән-жайлар, сондай-ақ жаңадан жасалған қылмыстардың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесі ескеріледі.

²² Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексі 05.07.2014ж. №235-V ҚРЗ, 10.61.42.188/kaz/docs/K1400000235

²³ «Соттардың қылмыстардың қайталануы туралы заңдарды қолдануы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 25.12.2007ж. №8 нормативтік қаулысы, http://10.61.42.188/kaz/docs/P07000008S_

Егер айыптау актісінде заңда көзделген негіздер болған кезде кінәні ауырлататын мән-жай ретінде айыпталушының қылмыстық құқық бұзушылықты тиісінше қайталап жасағаны көрсетілмесе және прокурор бұл бұзушылықты жаңа айыптау актісін жасау арқылы жоймаса, онда сот үкімде құқық бұзушылықтың қайталанып жасалғаны туралы көрсетуге құқылы емес, бірақ тиісті шаралар қабылдау үшін жіберілген бұзушылық туралы жоғары тұрған прокурордың назарына жекеше қаулымен жеткізуге міндетті.

Бұл өзгерістер істі тергеген тергеуші, оған қадағалау жүргізіп, айыптау актісін жасаған (немесе бекіткен) және сотқа жолдаған прокурор қылмыстың қайталану түрін жаза мен жауаптылықты ауырлататын мән-жайлар ретінде көрсетуді ұмытып кетсе немесе мемлекеттік айыптаушы бұл кемшіліктерді уақытында түзетпесе, сот қылмыстың қайталануын тани алмайды дегенді білдіреді.

Бір сөзбен айтқанда, сотталушының қорғану құқықтарына нұқсан келмесі үшін сот біле тұра, тергеу органымен тағылмаған ауырлататын мән-жайды өздігінен тағуға құқылы емес.

Осы №4 нормативтік қаулының 24-тармағының 2-абзацын алып тастау жөнінде Жоғарғы Сотқа 21.11.2022 жылы енгізілген ұсыныс сотталушының құқығын бұзады деген негізбен қолдау таппады.

Ұсыныста «ҚР ҚПК 398-бабының 1-бөлігінің 4) тармағына сәйкес, қылмыстардың қайталануын тану, оны айыптау үкімінің қарар бөлігінде көрсету соттың міндеті екені, істі тергеген тергеушінің, сотқа жолдаған прокурордың құзыреттеріне қылмыстық жаза тағайындау, соның ішінде қылмыстардың қайталануын тану кірмейтіні, сондай-ақ жазаларды тек сот тағайындайтыны және судья үкіммен бірге шешілетін өзге де мәселелерді жеке дара қарайтыны» көрсетілген болатын.

ҚР ҚК-нің, жоғарыда аталған №4 және №8 нормативтік қаулылардың нормаларында әрекетінде қылмыстың қайталануы немесе қауіпті қайталануы танылған сотталушыға міндетті түрде бас бостандығынан айыру жазасын тағайындау қажет деген талап жоқ.

Сол себепті, қылмыстың қайталануы жағдайында қылмыс жасаған сотталушыға тиісті баптың санкциясында көзделген бас бостандығынан айырмайтын басқа да баламалы жазаларды тағайындауға еш кедергі жоқ.

Оның үстіне, қазіргі кезде қылмыстардың қайталануы түзеу мекемесінің қауіпсіздік орнын белгілеу үшін де қажет емес.

«Бұрын қасақана қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруды өтеген, бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша жоғары мекемелері белгіленеді (ҚР ҚК 46-бабының 5-бөлігінің 3) тармағы)»²⁴.

17.03.2023 жылғы №212-VII Заңмен енгізілген өзгерістерге дейін, өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталған адамдармен қатар қылмыстардың қауіпті қайталануы кезінде қылмыс жасағандар да

²⁴ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 03.07.2014ж. №226-V ҚРЗ, 10.61.42.188/kaz/docs/K1400000226#z1708

қылмыстық-атқару жүйесінің төтенше қауіпсіз мекемелеріне жіберілетін еді.

Мысалы, бұл өзгеріске дейін 20 000 теңгенің мүлкін қоймаға заңсыз кіру арқылы жасырын ұрлаған сотталушыға ҚР ҚК 188-бабының 3-бөлігінің 3) тармағымен 2 жыл 6 ай бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалып, жазасын өтеу мерзімі ретінде қылмыстық-атқару жүйесінің төтенше қауіпсіз мекемелері белгіленіп жүрді. Себебі, ол бұрын екі рет ауыр қылмыс жасағаны үшін сотталып, қайталап ауыр қылмыс жасаған. Барлығы да меншікке қарсы жымқыру қылмыстары.

Қарап тұрсаңыз, мүліктік залалдың мөлшері азғантай, жәбірленуші кешірім берген. Ал, сотталушы болса, өте қауіпті сотталғандардың, бірнеше адам өлтіргендердің, террористердің қасына орналастырылды.

Әрине, мұндай жазалар жоғары тұрған соттармен қылмыстың қоғамға қауіптілік дәрежесі, жеңілдететін мән-жайлар, залалдың аз мөлшерде екені ескеріле отырып, санкцияда көзделген бас бостандығын шектеу жазаларына ауыстырылды.

Өйткені, №4 нормативтік қаулының 6-тармағына сәйкес, «егер адамды кінәлі деп таныған ҚК-нің бабының санкциясы жазалардың баламалы түрлерін көздесе, ҚК-нің 52-бабының екінші бөлігіне сәйкес, жазаның неғұрлым жеңілірек түрі жазалаудың мақсатына қол жеткізуді қамтамасыз ете алмаған жағдайда ғана жазаның неғұрлым қатаң түрі қолданылатынын назарда ұстай отырып, соттар олардың ішінен жазаның неғұрлым жеңілірек түрін тағайындаудың мүмкіндігі туралы мәселені талқылағандары жөн. Сот шешімі үкімде уәжденуге тиіс»²⁵.

Қылмыстардың қайталануы бүгінгі таңда тек тағайындалатын жазалардың мөлшеріне ғана әсер етеді.

Атап айтқанда, егер сот сотталушының қылмыстық жауаптылығы мен жазасын ауырлататын мән-жайларды анықтамаса, соның ішінде оның әрекеттерінде қылмыстардың қайталануын танымайтын болса, сондай-ақ керісінше оның жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін мән-жайларды анықтаған жағдайда, онда ҚР ҚК 55 бабын қолданып, тағайындалатын жазасының мөлшерін азайтады.

Қорыта айтқанда, қылмыстардың қайталануын тану немесе оны танымау тағайындалатын жазалардың және белгіленетін мекемелердің қауіпсіздік түріне ешқандай әсерін тигізбейді.

Қылмыстардың қайталану түрін сотталушының бұрынғы соттылықтарына қарап-ақ та анықтауға болады. Ол үшін оның бұрын тек қана бас бостандығынан айыруға сотталған ауыр, аса ауыр қылмыстарын ғана санап отырып есептеуге болады.

Қазір бұрынғыдай қолданыста болған ҚР ҚК 16.07.1997 жылғы редакциясындағыдай шектеулер жоқ. Ол кезде «қылмыстардың қайталануы жағдайында жасалған қылмыс үшін жазаның мерзімі мен мөлшері жасалған

25 «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 25.06.2015ж. №4 нормативтік қаулысы, 10.61.42.188/kaz/docs/P150000004S

~~қылмыс үшін көзделген ең қатаң жаза түрінің ең жоғары мерзімі мен мөлшерінің үштен бірінен төмен, ал қылмыстардың қауіпті қайталануы жағдайында — үштен екісінен төмен, ал қылмыстардың аса қауіпті қайталануы жағдайында — төрттен үшіннен төмен болмауы керек болатын»²⁶.~~

Енді, «қылмыстардың қайталануын тану үшін шартты түрде сотталғанды немесе жазасын өтеуді кейінге қалдырылғанды бас бостандығынан айыруға сотталған адам деп есептеуге болады ма?» - деген сұраққа жауап іздеп көрелік.

№4 нормативтік қаулының 12-тармағының 6-абзацына сәйкес «бас бостандығынан айыру шартты түрде тағайындалған (ҚК-нің 63-бабы қолданыла отырып) не үкімді орындауды кейінге қалдыру қолданылған кезде (ҚК-нің 74 және 76-баптары) және осы адам пробациялық бақылау кезеңі ішінде немесе үкімді орындауды кейінге қалдырған кезең ішінде жаңа қылмыс жасағанда не шартты түрде соттаудың немесе үкімді орындауды кейінге қалдырудың күші жойылып осы адам сот үкімі бойынша тағайындалған бас бостандығынан айыру жазасын өтеу үшін тиісті мекемеге жіберілген жағдайда қылмыстың қайталануын тану кезінде адамның ауыр және аса ауыр қылмыстарды жасағаны үшін алынбаған және жойылмаған **бұрынғы соттылығы** ескерілуге тиіс»²⁷.

Осы нормаға сәйкес қазіргі кездегі тәжірибеде шартты түрде сотталғандар пробациялық бақылау кезеңі ішінде жаңа қылмыс жасаса, оның әрекеттерінде қылмыстардың қайталануы танылуда.

Бірақ, бұл ҚР ҚК 14-бабының 1, 2-бөліктеріне және №7 нормативтік қаулының 6-тармағының 7-абзацына қайшы келеді.

Мәселен, ҚР ҚК 14-бабының 1-бөлігінің талабына қарасақ, «егер адам бұрын ауыр қылмыс жасағаны үшін **бас бостандығынан айыруға сотталған болса**, осы адамның ауыр қылмыс жасауы қылмыстардың қайталануы деп танылады»²⁸.

Сондай-ақ, ҚР Жоғарғы Сотының «Бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің түрлерін тағайындау жөніндегі сот практикасы туралы» 23.06.2006 жылғы №7 нормативтік қаулысының 6-тармағының 7-абзацында «ҚК 63-бабының негізінде шартты түрде сотталған адамдар, сондай-ақ ҚК 74-бабының негізінде жазаны орындауды кейінге қалдыру қолданылған адамдар, егер олар қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде бас бостандығынан айыруды **нақты өтемеген болса**, бұрын бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеген адамдарға жатпайды» - деп көрсетілген²⁹.

26 Күшін жойған Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 16.07.1997ж. №167, http://10.61.42.188/kaz/docs/K970000167_

27 «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 25.06.2015ж. №4 нормативтік қаулысы, 10.61.42.188/kaz/docs/P150000004S

28 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 03.07.2014ж. №226-V ҚРЗ, 10.61.42.188/kaz/docs/K1400000226#z1708

29 «Бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің түрлерін тағайындау жөніндегі сот практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 23.06.2006ж. №7 нормативтік қаулысы, https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P06000007S_

Шартты түрде сотталғандар бас бостандығынан айыру жазасын өтеген адамдарға жатпайтындықтан, сондай-ақ сот тәжірибесі әркелкі болмас үшін болашақта ҚР ҚК 14-бабына «бас бостандығынан айыруға **нақты** сотталғандар» деген бір сөзден тұратын толықтыру енгізу қажет деп есептейміз.

5. Үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындау

ҚР ҚК 60-бабының 1-бөлігіне сәйкес «егер сотталған адам үкім шығарылғаннан кейін, бірақ жазаны толық өтегенге дейін жаңадан қылмыстық құқық бұзушылық жасаса, сот соттың соңғы үкімі бойынша тағайындалған жазаға соттың алдыңғы үкімі бойынша жазаның өтелмеген бөлігін толық немесе ішінара қосады»³⁰.

Осы баптың 4-бөлігінде үкімдердің жиынтығы бойынша түпкілікті жаза жаңадан жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін тағайындалған жазадан да, соттың алдыңғы үкімі бойынша жазаның өтелмеген бөлігінен де артық болуға тиіс деп көрсетілген.

№4 нормативтік қаулының 16-тармағына сәйкес үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындау кезінде соттар алдыңғы үкім бойынша жазаның өтелмеген бөлігінің түрі мен мөлшерін үкімде көрсетулері қажет, өйткені ҚК-нің 60-бабының негізінде осы жаза жаңа үкім бойынша тағайындалған жазаға толық немесе ішінара қосуға жатады.

23-кесте

ҮКІМ 18.05.2021 жыл	ҮКІМ 10.01.2023 жыл
Қылмысты 05.03.2021 жылы жасаған.	Қылмысты 10.12.2022 жылы жасаған.
Тентекбаев ҚР ҚК 190 бабы 3-бөлігі 1) тармағымен кінәлі деп танылып, оған 4 жылға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған.	Тентекбаев ҚР ҚК 188 бабы 3-бөлігі 1), 2), 3) тармақтарымен кінәлі деп танылып, оған осы баппен 3 жылға бас бостандығынан айыру, ҚР ҚК 60-бабы 1-бөлігін қолдану негізінде 18.05.2021 жылғы үкіммен тағайындалған бас бостандығын шектеу жазасының өтелмеген бөлігі 2 жыл 4 ай 8 күннің 2 жылын ішінара қосу жолымен түпкілікті 5 жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.
(Жазасының өтелмеген бөлігі: 2 жыл 3 ай 8 күн)	

³⁰ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 03.07.2014ж. №226-V ҚРЗ, 10.61.42.188/kaz/docs/K1400000226#z1708

Бұдан басқа, егер адам алдыңғы үкім бойынша бас бостандығынан айыруға шартты түрде сотталса және пробациялық бақылау мерзімі ішінде бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалатын жаңа қылмыстық құқық бұзушылық жасаса, онда ҚК-нің 64-бабына сәйкес алғашқы үкім бойынша шартты түрде соттаудың күші жойылған жағдайларда ғана үкімдер жиынтығы бойынша жазалар толық немесе ішінара қосылуы мүмкін.

24-кесте

ҮКІМ 18.05.2021 жыл	ҮКІМ 10.01.2023 жыл
Қылмысты 05.03.2021 жылы жасаған. Тентекбаев ҚР ҚК 191 бабы 2-бөлігі 3) тармағымен кінәлі деп танылып, оған 3 жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалып, ҚР ҚК 63-бабын қолдану негізінде тағайындалған жаза шартты деп саналып, сол мерзімге пробациялық бақылау белгіленген.	Қылмысты 10.12.2022 жылы жасаған. Тентекбаев ҚР ҚК 188 бабы 3-бөлігі 1), 2), 3) тармақтарымен кінәлі деп танылып, оған осы баппен 3 жылға бас бостандығынан айыру, ҚР ҚК 64-бабының негізінде 18.05.2021 жылғы үкіммен тағайындалған шартты түрде соттаудың күшін жойып, ҚР ҚК 60-бабы 1-бөлігін қолдану негізінде 18.05.2021 жылғы үкіммен тағайындалған бас бостандығынан айыру жазасының өтелмеген бөлігін ішінара қосу жолымен түпкілікті 4 жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

Шартты түрде сотталған кезде алдыңғы үкім бойынша жазаның өтелмеген бөлігі деп жазаның бүкіл мерзімі есептеледі.

Алайда, үкімдер жиынтығы бойынша жаза тағайындағанда мерзімдерді толық та, ішінара да қосуға болады.

Сол секілді, қосымша жазаларға тоқталатын болсақ.

ҚР ҚК 60-бабының 5-бөлігіне сәйкес, «үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындау кезінде жазалардың қосымша түрлерін қосу қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша жаза тағайындау қағидалары бойынша жүргізіледі»³¹.

31 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 03.07.2014ж. №226-V ҚРЗ, 10.61.42.188/kaz/docs/K1400000226#z1708

ҮКІМ 22.12.2020 жыл			ҮКІМ 11.03.2022 жыл		
Қылмысты	12.10.2020	жылы жасаған.	Қылмысты	18.02.2022	жылы жасаған.
Масаңбаев ҚР ҚК 346 бабы 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған көлік құралын басқару құқығынан өмір бойына айыра отырып, 2 жыл 6 айға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған.			Масаңбаев ҚР ҚК 24 бабы 3-бөлігі, 188 бабы 3-бөлігі 3) тармағымен кінәлі деп танылып, оған осы баппен 2 жылға бас бостандығынан айыру, ҚР ҚК 60-бабы 1-бөлігін қолдану негізінде көлік құралын басқару құқығынан өмір бойына айыра отырып, 22.12.2020 жылғы үкіммен тағайындалған бас бостандығын шектеу жазасының өтелмеген бөлігін ішінара қосу жолымен түпкілікті 2 жыл 2 айға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.		
(Жазасының өтелмеген бөлігі: 1 жыл 4 ай 12 күн)					

Бұл жерде «ұрлық қылмысына көлік құралын басқару құқығынан айыру түріндегі қосымша жазаның не қатысы бар?» деген сұрақ туындауы мүмкін.

Бірақ, заңдарда бұрын үкім бойынша тағайындалған қосымша жазалар дербес орындалсын деген талап жоқ. Сол себепті, негізгі жазамен бірге қосымша жазалар да міндетті түрде соңғы тағайындалған жазаларға қосылуға жатады.

Үкімдер жиынтығы бойынша жаза тағайындау кезінде соттар ҚК-нің 61-бабында көзделген жазаларды қосу қағидаларын ескеруге тиіс (17-кестені қараңыз).

Ал, ҚР ҚК 62-бабы 1-бөлігіне сәйкес, «белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырудың, бас бостандығын шектеудің, бас бостандығынан айырудың мерзімдері – **айлармен және жылдармен**, қамаққа алу мерзімдері – **тәуліктермен**, қоғамдық жұмыстарға тарту мерзімдері **сағаттармен** есептеледі»³².

Үкім заңды күшіне енгенге дейін күзетпен ұстаудың уақыты бір күн есебімен мекемелердің қауіпсіздігінің түріне байланысты төмендегідей жаза мерзіміне есепке жатқызылады:

32 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 03.07.2014ж. №226-V ҚРЗ, 10.61.42.188/kaz/docs/K1400000226#z1708



Осы секілді, үкім заңды күшіне енгенге дейін күзетпен ұстау уақыты **жазалардың түріне қарай:**

- 1) қамаққа алу түріндегі жазаны өтеудің 1 күні;
- 2) бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеудің 2 күні;
- 3) қоғамдық жұмыстар түрінде жазаны өтеудің 4 сағаты;
- 4) тиісінше түзеу жұмыстары, айыппұл түрінде жазаны өтеудің 4 айлық есептік көрсеткіші үшін 1 күн есебімен жаза мерзіміне есепке жатқызылады.

Түпкілікті жаза бас бостандығынан айырумен байланысты болмаса, тиісті жаза түрі үшін көзделген ең жоғары мерзімнен немесе мөлшерден асыруға болмайды.

Осы айтылған ҚР ҚК 62-бабы 3-бөлігінің қағидалары бойынша «қылмыстық жаза мерзіміне қылмыстық іс бойынша үкім заңды күшіне енгенге дейін адамды күзетпен ұстау уақыты, оның ішінде адамды ҚПК 131-бабының тәртібімен қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдікпен ұстау уақыты ғана есепке жатқызылады. Үкім заңды күшіне енгеннен кейін адамның күзетпен ұсталу уақыты (іздістірудегі сотталған адамды ұстауға және оны этаппен апаруға, жазаны алмастыруға және т.б. байланысты) ҚК 62-бабы 3-бөлігінің қағидалары қолданылмай, қылмыстық жазаның мерзіміне есептелуге жатады (№4 нормативтік қаулының 9-1-тармағы)»³³.

Бас бостандығынан айыруға қатысты жазалардың жоғарғы шегі төмендегідей:

³³ «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 25.06.2015ж. №4 нормативтік қаулысы, 10.61.42.188/kaz/docs/P150000004S

25 жылдан асыруға болмайды	Үкімдердің жиынтығы бойынша бас бостандығынан айыру түріндегі түпкілікті жазаны
30 жылдан асыруға болмайды	Егер үкімдердің жиынтығына адам жасалғаны үшін осы Кодексте 20 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген ең болмағанда 1 аса ауыр қылмыстың жасалуына кінәлі деп танылған үкім кірсе
өмір бойына бас бостандығынан айыру түрінде тағайындалады	Егер жиынтыққа кіретін қылмыс үшін өмір бойына бас бостандығынан айыру тағайындалса

6. Шартты түрде соттау

ҚР ҚК 63-бабының 1-бөлігіне сәйкес «егер сот бас бостандығынан айыру түрінде жаза тағайындағанда сотталған адамның жазаны өтемей түзелуі мүмкін деген түйінге келсе, ол тағайындалған жазаны шартты деп санауға қаулы шығарады»³⁴.

Мемлекеттік тілдегі мәтіннің «қаулы шығарады (выносит постановление)» деген аудармасы ҚР ҚПК-нің, ҚР Жоғарғы Сотының «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» 2015 жылғы 25 маусымдағы №4 нормативтік қаулысының талаптарына қайшы келеді.

Атап айтқанда, бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тек үкіммен ғана тағайындалады. Содан соң ғана, тағайындалған жаза ҚР ҚК 63-бабын қолдану негізінде шартты деп саналуы мүмкін. Яғни, сотпен ешқандай да қосымша қаулы шығарылмайды.

Орыс тіліндегі мәтінде «Если, назначив наказание в виде лишения свободы, суд придет к выводу о возможности исправления осужденного без отбывания наказания, он постановляет считать назначенное наказание условным» - деп көрсетілген.

Орыс тіліндегі «постановляет» сөзі «қаулы етеді» дегенді білдіреді. Ал, «қаулы шығарады» сөзінің дұрыс аудармасы – «выносит постановление».

ҚР ҚПК талаптарына сәйкес сот отырыстары барысында ешқандай процестік құжат қабылдамай-ақ судьялар өз орнында отырып қаулы ететін жағдайлар болады.

Аударманың теңтүпнұскалы болуы мақсатында ҚР ҚК 63-бабының 1-бөлігіне өзгерістер енгізіп, «қаулы шығарады» деген сөздерді «**қаулы етеді**» деп өзгерту жөнінде ҚР Бас прокуратурасының Нормашығармашылық

³⁴ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 03.07.2014ж. №226-V ҚРЗ, 10.61.42.188/kaz/docs/K1400000226#z1708

қызметті үйлестіру департаментіне ұсыныс жолданып, 12.07.2023 жылы қолдау тапты. Алдағы уақытта заң шығарушы органдармен өзгерістер енгізілуін күтеміз.

Шартты түрде соттауды қолдану кезінде сот жасалған қылмыстың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесін, кінәлі адамның жеке басын, оның ішінде жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды ескереді (ҚР ҚК 63-бабы 2-бөлігі).

28-кесте

Шартты түрде соттауды тағайындау кезіндегі пробациялық бақылау белгілеудің мерзімдері	
ересек адамдарға	бас бостандығынан айырудың барлық тағайындалған мерзіміне
жасы кәмелетке толмағандарға	6 айдан 1 жылға дейінгі мерзімге

ҚР ҚК 63-бабының 3-бөлігінде «шартты түрде соттауды тағайындау кезінде сот осы Кодекстің 44-бабының 2-бөлігінің қағидалары бойынша бас бостандығынан айырудың барлық тағайындалған мерзіміне, ал кәмелетке толмағандарға алты айдан бір жылға дейінгі мерзімге пробациялық бақылау белгілейді»- деп көрсетілген.

«Пробациялық бақылауды уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады және сот шешімі бойынша сотталған адамның: сотталған адамның мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органға хабарламай, тұрақты тұрғылықты жерін, жұмысын, оқуын ауыстырмау; белгілі бір орындарға бармау; психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтарынан (ауруларынан), жыныс жолдары арқылы берілетін аурулардан емделу курсынан өту; отбасын материалдық қолдауды жүзеге асыру міндеттерін; сотталған адамның түзелуіне және оның жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алуға ықпал ететін басқа да міндеттерді орындауды қамтиды (ҚР ҚК 44-бабы 2-бөлігі)»³⁵.

Кейбір кезде тәжірибеде шартты жаза тағайындау барысында ҚР ҚК 44-бабының 2-бөлігіне ғана сілтеме жасалғандығына назар аударылмай, осы баптың 1-бөлігінде көзделген нормаларға қате сілтеме жасалып, мәжбүрлі еңбекке тарту да бірге тағайындалып жатады.

Осы мәжбүрлі еңбекке тарту тек пробациялық бақылау белгілеу арқылы бас бостандығын шектеу жазасымен бірге ғана тағайындалады. Сол себепті, жаза тағайындау кезінде осы мән-жайларға аса мән беру қажет.

Пробациялық бақылау сот қосымша жаза түрі ретінде Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберуді тағайындаған шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам шартты түрде сотталған кезде белгіленбейді.

³⁵ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 03.07.2014ж. №226-V ҚРЗ, 10.61.42.188/kaz/docs/K1400000226#z1708


Шартты түрде соттау кезінде шектеулердің және жазаның қосымша түрлері тағайындалуы мүмкін.

Пробациялық бақылау мерзімі аяқталғаннан кейін шартты түрде сотталғандар (ҚК-нің 63-бабы) бұрын бас бостандығынан айыруға сотталғандар деп есептелмейді.

Алдыңғы үкім бойынша жазаның өтелмеген бөлігі деп «шартты түрде сотталған кездегі **жазаның бүкіл мерзімін** айтады.

Қандай қылмыс түрлерін жасағандарға мүлдем шартты жаза қолдануға болмайтынына жеке-жеке тоқталсақ:

29-кесте



Бұл шектеулер 14-тен 18-ге дейінгі жастағы кәмелетке толмаған адамның жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарға қолданылмайды.

№4 нормативтік қаулының 16-тармағының талаптарына сәйкес «адамның шартты түрде соттау туралы алғашқы үкім шығарылғанға дейін жасалған қылмысқа қатысты кінәсі анықталған жағдайларда және шартты түрде соттаудың күшін жою үшін негіздер болмаған кезде немесе бірнеше үкімдер бойынша тағайындалған жазалар ҚК-нің 61-бабына сәйкес қосуға жатпаса, әр үкім бойынша жазаның **дербес орындалатыны** туралы үкімде көрсетуге тиіс»³⁶.

Оны мысал ретінде түсіндіріп өтетін болсақ:

³⁶ «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 25.06.2015ж. №4 нормативтік қаулысы, 10.61.42.188/kaz/docs/P150000004S

ҮКІМ 18.03.2019 жыл			ҮКІМ 05.05.2019 жыл		
Қылмысты	31.01.2019	жылы	Қылмысты	21.01.2019	жылы
жасаған.			жасаған.		
Бегалиев ҚР ҚК 188-бабы 3-бөлігі 3) тармағымен кінәлі деп танылып, оған 2 жылға бас бостандығынан айыруға жазасы тағайындалып, ҚР ҚК 63-бабын қолдану негізінде тағайындалған жаза шартты деп саналып, 2 жылға пробациялық бақылау белгіленген.			Бегалиев ҚР ҚК 192 бабы 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған осы баппен 3 жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалып, ҚР ҚК 63-бабын қолдану негізінде тағайындалған жаза шартты деп саналып, 3 жылға пробациялық бақылау белгіленді. 18.03.2019 жылғы үкіммен тағайындалған шартты жазаны дербес орындауға үкім етілді.		

Бұл кестеде көрініп тұрғандай, соңғы қылмыс (21.01.2019ж.) алғашқы үкім (18.03.2019ж.) шығарылғанға дейін жасалған.

Осыған орай, сотталушының қылмысты жасы кәмелетке толмаған шағында жасағаны және т.б. жеңілдететін мән-жайлардың бары ескеріле отырып, оған соңғы үкіммен тағы да шартты жаза белгіленген.

Бұл кезде алдыңғы үкім бойынша тағайындалған шартты жаза дербес (қатарлас бөлек) орындалуға жатады.

Ал, егер адам алдыңғы үкім бойынша бас бостандығынан айыруға шартты түрде сотталса және пробациялық бақылау мерзімі ішінде бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалатын жаңа қылмыстық құқық бұзушылық жасаса, онда ҚК-нің 64-бабына сәйкес алғашқы үкім бойынша шартты түрде соттаудың күші жойылған жағдайларда ғана үкімдер жиынтығы бойынша жазалар толық немесе ішінара қосылуы мүмкін.

Шартты түрде сотталған адам пробациялық бақылау мерзімі ішінде – абайсызда қылмыс не онша ауыр емес қасақана қылмыс, ал шартты түрде сотталған кәмелетке толмаған адам онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған жағдайларда, шартты түрде соттаудың күшін жою немесе оны күшінде қалдыру туралы мәселені сот жаңа қылмыс үшін жаза тағайындаған кезде шешеді.

Керісінше, «шартты түрде сотталған адам пробациялық бақылау мерзімі ішінде – ауырлығы орташа қасақана қылмыс, ауыр немесе аса ауыр қылмыс, ал кәмелетке толмаған адам ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған жағдайларда, сот шартты түрде соттаудың күшін жояды және оған

үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындау қағидалары бойынша жаза тағайындайды (ҚР ҚК 64-бабы 4, 5-бөліктері)»³⁷.

7. Жасы кәмелетке толмағандарға қатысты жаза тағайындаудың ерекшеліктері

Жасы кәмелетке толмағанға қатысты жаза тағайындау барысында ең бірінші оның туған күніне, қылмыс жасаған кезде жасы нешеде (14, 15, 16, 17, 18 жаста) болғанына аса назар аудару керек.

Мысалы, кейбір қылмыстар сотталушының жасы 18-ге толған күні жасалынуы мүмкін. Бірақ, сол күні ол 18-ге толғанымен, жаза тағайындаған кезде әлі 17-де болып саналатынын көпшілік ескере бермейді. Бұл жағдай заң нормаларымен арнайы бекітілген.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Кәмелетке толмаған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтары және оларды қылмыстық құқық бұзушылықтар мен қоғамға қарсы өзге де іс-әрекеттер жасауға тарту жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы» 2002 жылғы 11 сәуір №6 нормативтік қаулысының 2-тармағына сәйкес «қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық басталатын жас шамасы ҚР ҚК 15-бабында көрсетілген. Қылмыстық процесті жүргізуші органдар кәмелетке толмағандардың істері бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамның жасын (туған жылын, айын, күнін) дәл анықтау жөнінде шара қолдануға міндетті. Бұл орайда адамның белгілі жасқа толуы ол туған күні емес, **келесі тәуліктен бастап** есептеледі»³⁸.

Мәселен, Бойшаңов 17.10.2023 жылы сағат 00.00-де 18-ге толып, түнгі сағат 03.30-да ашық тонау қылмысын жасады делік. Жаза тағайындау барысында оның жауаптылығын ауырлататын мән-жайлардың жоқтығы, жеңілдететін мән-жайлардың бары (соның ішінде, жасының кәмелетке толмағаны, жәбірленушінің кешірім бергені) ескеріле отырып, оған жасы кәмелетке толмаған адам ретінде бас бостандығынан айыруды көздемейтін жеңілірек баламалы жазалар немесе ҚК 63-бабы қолданылып, шартты жаза белгіленуі тиіс.

Сондықтан, мұндай жағдайларда сотталушыға ересек адам ретінде жаза тағайындауға болмайды. Яғни, жасы 18-ге толмаған адам ретінде қарау керек.

Бас бостандығынан айыруға сотталған, үкім шығару кезінде он сегіз жасқа толмаған адамдар кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған

³⁷ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 03.07.2014ж. №226-V ҚРЗ, 10.61.42.188/kaz/docs/K1400000226#z1708

³⁸ «Кәмелетке толмаған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтары және оларды қылмыстық құқық бұзушылықтар мен қоғамға қарсы өзге де іс-әрекеттер жасауға тарту жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы, 11.04.2002ж. №6, http://10.61.42.188/kaz/docs/P02000006S_

қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелеріне орналастырылады (ҚР ҚК 46-бабы 2-бөлігі).

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚАК) 156-бабына сәйкес «18 жасқа толған сотталғандар өздерінің келісімімен, сондай-ақ 21 жасқа толған сотталғандар ҚР ҚПК-да белгіленген тәртіппен сот шешімі бойынша жазасын одан әрі өтеу үшін орташа қауіпсіз мекемеге ауыстырылады»³⁹.

ҚР ҚАК 89-бабының 8-бөлігінде «кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелерде бас бостандығынан айыруға сотталған кәмелетке толмағандар, сондай-ақ мекемеде кемінде 1 жыл болу шартымен, кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелерде 21 жасқа толғанға дейін қалдырылған сотталғандар жазасын өтейді»- деп көрсетілген.

ҚР Жоғарғы Сотының «Бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің түрлерін тағайындау жөніндегі сот практикасы туралы» 25.06.2006 жылғы №7 нормативтік қаулысының 6-1-тармағына сәйкес «ҚР ҚК 46-бабының 5-бөлігінің 3)-тармағына қатысты бұрын заңды күшіне енген сот үкімі бойынша қасақана қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталған және қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде жазасын өтеген, егер бұл соттылық жаңа қылмыс жасалған кезде заңда белгіленген тәртіппен алып тасталмаса және өтелмесе, бұрын бас бостандығынан айыру жазасын өтеген адамдар деп түсініледі. Бұл қағида кәмелетке толмаған жаста қасақана қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға да қолданылады»⁴⁰.

Осы нормативтік қаулының 11-тармағының 2-абзацында «18 жасқа толғанға дейін жасалған қылмыстар үшін сотталғандықтар қылмыстың қайталануын тану кезінде ескерілмейді. Сонымен бірге бас бостандығынан айыруға сотталған, бұрын кәмелетке толмаған жаста қасақана қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруды өтеген адамдарға ҚК 46-бабының 5-бөлігі 3) тармағының қағидалары ескеріле отырып, жазаны қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша жоғары мекемелерінде өтеу тағайындалады»- деп көрсетілген.

Ал, осы қаулыдағы 13-тармақтың 2-абзацына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықты кәмелет жасқа толмаған кезде жасап, үкім шығарылған сәтте кәмелетке толған адам бас бостандығынан айыруға сотталған жағдайда оған қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің түрі ҚК-нің 46-бабына сәйкес кәмелетке толған адамға тағайындалған сияқты тағайындалады.

³⁹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі, 05.07.2014ж. №234-V ҚРЗ, <http://10.61.42.188/kaz/docs/K1400000234#z156>

⁴⁰ «Бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің түрлерін тағайындау жөніндегі сот практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 25.06.2006ж. №7 нормативтік қаулысы, [ttp://10.61.42.188/kaz/docs/P06000007S_](http://10.61.42.188/kaz/docs/P06000007S_)

Егер кәмелетке толмаған адамдардың түзелуі мен қайтадан тәрбиеленуіне ҚК-нің 84-бабында көзделген тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолдану жолымен қол жеткізу мүмкін болса, соттар үлкен қоғамдық қауіп тудырмайтын қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған кәмелетке толмаған адамдарға қылмыстық жаза қолдану жағдайларына жол бермеуге тиіс.

ҚР ҚК 15-бабына сәйкес, «қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытта 16 жасқа толған есі дұрыс жеке тұлға қылмыстық жауаптылыққа жатады»⁴¹.

Ал, қылмыс жасаған уақытта 14 жасқа толмағандар адам өлтіру, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру, зорлау, адам ұрлау және т.б. ҚР ҚК 15-бабының 2-бөлігінде көзделген қылмыстарды жасағаны үшін жауаптылыққа тартылуға жатады.

Егер кәмелетке толмаған адам 14, 16 жасқа толған болса, бірақ психикасының бұзылуына байланысты емес психикалық дамуы жағынан артта қалуы салдарынан қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытта өзінің әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамға қауіптілігін толық көлемде ұғына алмаса не оларға ие бола алмаса, ол қылмыстық жауаптылыққа жатпайды.

Шартты түрде сотталғандағы пробациялық бақылау кезеңінде онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмысты қайталап жасаған кезде де кәмелетке толмағандарға шартты түрде соттау қолданылуы мүмкін.

Шартты түрде соттау кезінде кәмелетке толмаған адамға тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шаралары тағайындалуы мүмкін (ҚР ҚК 63-бабы 5-бөлігі).

ҚР ҚК 81-бабы 1-бөлігіне сәйкес кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жаза түрлері:

- 1) белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;
- 2) айыппұл;
- 3) түзеу жұмыстары;
- 4) қоғамдық жұмыстарға тарту;
- 5) бас бостандығын шектеу;
- 6) бас бостандығынан айыру болып табылады.

⁴¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 03.07.2014ж. №226-V ҚРЗ, 10.61.42.188/kaz/docs/K1400000226#z1708

Кәмелетке толмағандарға қатысты тағайындалатын жазалардың мөлшері мен мерзімдері төмендегідей:

31-кесте

белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру	бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге тағайындалады
айыппұл	кәмелетке толмаған сотталған адамның дербес табысы немесе өндіріп алуға жарайтын мүлкі болған жағдайда ғана тағайындалады. Айыппұл айлық есептік көрсеткіштің 5-тен 100-ге дейінгі мөлшерінде тағайындалады
түзеу жұмыстары	дербес табысы немесе өзге тұрақты кірісі бар кәмелетке толмағандарға айлық есептік көрсеткіштің 5-тен 100-ге дейінгі мөлшерінде тағайындалады
қоғамдық жұмыстарға тарту	10 сағаттан 75 сағатқа дейінгі мерзімге тағайындалады, ол кәмелетке толмаған адамның қолынан келетін жұмыстарды орындауы болып табылады және ол оны оқудан немесе негізгі жұмысынан бос уақытында орындайды. 16 жасқа дейінгі адамдардың бұл жаза түрін орындау ұзақтығы – күніне 2 сағаттан, ал 16-дан 18 жасқа дейінгі адамдар үшін күніне 3 сағаттан аспауы керек
бас бостандығын шектеу	2 жылға дейінгі мерзімге, ал бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның өтелмеген бөлігін бас бостандығын шектеуге ауыстыру жағдайында жазаның қалған өтелмеген бөлігінің бүкіл мерзіміне тағайындалады
бас бостандығынан айыру	10 жылдан аспайтын, ал ауырлататын мән-жайлар кезінде адам өлтіргені немесе терроризм актісі үшін не қылмыстық құқық бұзушылықтардың біреуі ауырлататын мән-жайлар кезінде адам өлтіру немесе терроризм болып табылатын олардың жиынтығы бойынша 12 жылдан аспайтын мерзімге тағайындалуы мүмкін. Онша ауыр емес қылмыс немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес ауырлығы орташа қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру тағайындалмайды.

8. Жаза тағайындау кезінде ескерілетін өзге де мәселелер

8.1. Қылмыстық заңның кері күші

ҚР ҚК 6-бабының 1-бөлігіне сәйкес «іс-әрекеттің қылмыстылығын немесе жазаланушылығын жоятын, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның жауаптылығын немесе жазасын жеңілдететін немесе жағдайын өзге де түрде жақсартатын заңның кері күші болады, яғни осындай заң қолданысқа енгізілгенге дейін тиісті іс-әрекетті жасаған адамдарға, оның ішінде жазасын өтеп жүрген немесе жазасын өтеген, бірақ сотталғандығы бар адамдарға қолданылады»⁴².

Ал, адамның жауаптылығын немесе жазасын күшейтетін немесе жағдайын өзге де түрде нашарлататын заңның кері күші болмайды.

Сотталушыға қылмыстық жаза тағайындаған кезде, сондай-ақ жаза тағайындаумен қатар шешілетін мәселелерді шешкен кезде де міндетті түрде ҚР ҚК-нің осы 6-бабының талаптарын орындау керек.

Себебі, қылмыстық жаза тағайындау барысында қылмыстың нақты жасалған уақытындағы немесе үкімнің шығарылған кезіндегі қолданыста болған заңдардың біреуі негізге алынады.

Яғни, қай заң сотталушының жағдайын жақсартатын (ауырлатпайтын) болса, сол заңды басшылыққа алу керек.

Өйткені, қылмыс жасалған күннен бастап, қылмыстық іс сотта қаралып, үкім шығарылғанға дейін қолданыстағы заңдар өзгеріп кетуі мүмкін.

Сондықтан, әрдайым заңдардың өзгеру тарихын, қай кезде қалай өзгергенін біліп отыру шарт.

Мысалы, құқық қорғау органының 1 қызметкері 11.01.2019 жылы қорқытып алу жолымен ақша түрінде пара алғаны үшін 13.12.2021 жылғы сот үкімімен ҚР ҚК-нің 366-бабының 3-бөлігінің 1) тармағымен кінәлі деп танылды делік. Сондай-ақ, сотта жәбірленуші сотталушымен материалдық және моральдық залал өтелгенін, ешқандай талабы жоқ екенін көрсеткен.

Егер бұл сотталушыға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалатын болса, қылмыстық-атқару жүйесінің қандай қауіпсіздіктегі мекемесі белгіленуге жатады?

Үкім шығаратын 13.12.2021 жылғы қолданыстағы ҚР ҚК 46-бабының 5-бөлігінің 2) тармағына қарайтын болсақ, қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелерінде өтеу тағайындалуға тиіс. Бұл тармаққа бұрын бас бостандығынан айыруды өтемеген, осы Кодекстің 366-бабының 1-1, 2 және 3-бөліктерінде көзделген қылмыстарды жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар жатқызылған.

⁴² Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 03.07.2014ж. №226-V ҚРЗ, 10.61.42.188/kaz/docs/K1400000226#z1708

Ал, қылмыс жасалған уақыттағы (11.01.2019 жылы) қолданыста болған ҚР ҚК 46-бабының 5-бөлігінің 1) тармағына сәйкес **қылмыспен келтірілген залалды толық өтеген жағдайда, осы Кодекстің 15-тарауында** (мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар) көзделген қылмыстар үшін сотталған адамдарға қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерінде өтеу тағайындалады.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық процесте азаматтардың құқықтарын қорғауды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 19.12.2020 жылғы (20.12.2020 жылы күшіне енген) Қазақстан Республикасының №384-VI Заңымен «ҚР ҚК 46-бабы 5-бөлігі 1) тармағына өзгерістер енгізіліп, осы тармақтың ережелері (қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерді белгілеу туралы) ҚК-тің 366-бабы 1-1, 2, 3 және 4-бөліктерінде көзделген қылмыстарды жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қолданылмайды деп көрсетілген»⁴³.

32-кесте

қылмыспен келтірілген залалды толық өтеген жағдайда, осы Кодекстің 15-тарауында көзделген қылмыстар үшін сотталған адамдарға					
20.12.2020 жылға дейін			20.12.2020 жылдан кейін		
қылмыстық-атқару	жүйесінің		қылмыстық-атқару	жүйесінің	
қауіпсіздігі	барынша	төмен	орташа	қауіпсіз	мекемелері
мекемелері	белгіленеді		белгіленеді		

Жалпы бұл бапқа 2017, 2018, 2020, 2021, 2023 жылдары өзгерістер мен толықтырулар енгізілген болатын.

Тағы бір мысал ретінде қосымша жазаны тағайындауға қатысты ҚР ҚК 6-бабын қолдануды айтып өтелік.

«Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 27.11.2015 жылғы №8 нормативтік қаулысының 28-тармағына сәйкес, «сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған кезде белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыру түріндегі қосымша жаза адамның қылмыс жасаған кезде ҚК-нің 50-бабының 2-бөлігінің тізбесінде көрсетілген ұйымдарда белгілі бір қызметпен айналысқан-айналыспағанына немесе белгілі бір лауазымды атқарған-атқармағанына қарамастан, міндетті түрде тағайындалады»⁴⁴.

⁴³ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық процесте азаматтардың құқықтарын қорғауды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 19.12.2020ж. № 384-VI ҚРЗ, 10.61.42.188/kaz/docs/Z2000000384

⁴⁴ «Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 27.11.2015ж. №8 нормативтік қаулысы, 10.61.42.188/kaz/docs/P150000008S

ҚР ҚК 6-бабын басшылыққа алып, қылмыстық оқиғаның орын алған уақытына қарай, ҚР ҚК 50-бабының 2-бөлігінің 4-абзацында көрсетілген қосымша жазаны тағайындау төмендегідей (№4 нормативтік қаулының 22-1-тармағы):

33-кесте

белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру		
2020 жылғы 1 қаңтарға дейін	2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 10 қаңтарға дейін	2020 жылғы 10 қаңтардан кейін
сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін мемлекеттік қызметте лауазымдарды, судья лауазымын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде және оның ведомстволарында, мемлекеттік ұйымдарда және жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлесі елу пайыздан асатын ұйымдарда, оның ішінде мемлекет акционері болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтерде, ұлттық холдингтерде, ұлттық компанияларда, ұлттық даму институттарында, олардың дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы өздеріне тиесілі еншілес ұйымдарында, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы көрсетілген ұйымдарға тиесілі заңды тұлғаларда лауазымдарды атқару құқығынан өмір бойына айыру	сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін мемлекеттік қызметте лауазымдарды, судья лауазымын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде және оның ведомстволарында, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органда , мемлекеттік ұйымдарда және жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлесі елу пайыздан асатын ұйымдарда, оның ішінде мемлекет акционері болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтерде, ұлттық холдингтерде, ұлттық компанияларда, ұлттық даму институттарында, олардың дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы өздеріне тиесілі еншілес ұйымдарында, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы көрсетілген еншілес ұйымдарға тиесілі заңды тұлғаларда лауазымдарды атқару құқығынан өмір бойына айыру	сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін мемлекеттік қызметте лауазымдарды, судья лауазымын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде және оның ведомстволарында, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органда, мемлекеттік ұйымдарда және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде лауазымдарды атқару құқығынан өмір бойына айыру
түрінде қосымша жаза тағайындалады		

Бұл қосымша жаза түрін қылмыс жасалған уақытына қарай тағайындамаса, сотталушының құқығын бұзуы мүмкін. Себебі, ол қылмыстың осы түрі үшін барлық жағдайда да өмір бойына белгіленеді.

Егер жаңа қылмыстық заң адамның жазасын өтеп жүрген іс-әрекеті үшін жазаланушылықты жеңілдетсе, онда тағайындалған жаза жаңадан шығарылған қылмыстық заң санкциясының шегінде қысқартылуға жатады.

Мысалы, ҚР ҚК 108-бабы (денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру) және 109-бабы (ұрып-соғу) Қазақстан Республикасының 03.07.2017 жылғы №84-VI Заңымен қылмыстар қатарынан алынып тасталып, бұл іс-әрекеттер әкімшілік құқық бұзушылықтар қатарына қосылды (қазіргі ҚР ӘҚБтК 73-1, 73-2 баптары). Осы заңмен ҚР ҚК 215-бабы (жалған кәсіпкерлік) да алынып тасталды.

Бұл баптар декриминализация жасалып, толықтай қылмыстық құқық бұзушылықтардың қатарынан шығарылғандықтан, осы баптармен сотталғандардың қылмыстық істері тоқтатылып, соттылықтары барлардың соттылықтары алынып тасталуға жатады.

8.2. Қазақстан Республикасы шегінен тысқары жерге шығарып жіберу қосымша жазасы

«Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберу осы адамның Қазақстан Республикасының аумағына кіруіне бес жыл мерзімге тыйым салу белгілене отырып, мәжбүрлеу тәртібімен орындалады (ҚР ҚК 51-бабы)»⁴⁵.

Бұл жаза қылмыс жасалған кезде қосымша жаза түрі ретінде, ал қылмыстық теріс қылық жасалған кезде негізгі де, қосымша да жаза түрі ретінде тағайындалуы мүмкін.

Ол қосымша жаза ретінде тағайындалған кезде негізгі жаза түрі өтелгеннен кейін, шартты түрде соттау қолданылған жағдайларда үкім заң күшіне енген кезден бастап орындалады.

Қазіргі кезде сот тәжірибесінде кейбір облыстарда қасақана адам өлтіру, ұрлық және т.б. қылмыстар жасаған шетел азаматтарына негізгі жазамен қоса қосымша жаза ретінде Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберуді қолдану қалыптасқан.

Ал, жоғары тұрған соттармен сот үкімдері өзгертіліп, аталған қосымша жаза ҚР ҚК тиісті бабының санкциясында көзделмегендіктен алынып тасталуда.

ҚР ҚК 50-бабының 3-бөлігінің талаптарына сәйкес белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында тиісті құқық бұзушылық үшін қосымша жаза ретінде көзделмеген жағдайларда да тағайындалуы мүмкін.

⁴⁵ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 03.07.2014ж. №226-V ҚРЗ, 10.61.42.188/kaz/docs/K1400000226#z1708

Жоғарғы Соттың №4 нормативтік қаулысының 19-тармағына сәйкес «қосымша жазалар сотталушыны кінәлі деп танитын ҚК-тің бабында белгіленген шектерде тағайындалады»⁴⁶.

Алайда, бұл нормативтік қаулыда ҚР ҚК 51-бабын қолдану тәртібі көзделмеген.

Осыған орай, ҚР ҚК 51-бабын төменде көрсетілгендей жаңа 3-бөлікпен толықтыру жөнінде ҚР Бас прокуратурасының Нормашығармашылық қызметті үйлестіру департаментіне ұсыныс жолданып, 12.07.2023 жылы қолдау тапты:

«Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды қылмыс жасағаны үшін Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында тиісті құқық бұзушылық үшін қосымша жаза ретінде көзделмеген жағдайларда да тағайындалуы мүмкін».

Енді жерде өзгерістер енгізу заң шығарушы органдардың құзырында.

8.3. Процестік шығындар

Процестік шығындар – бұл қылмыстық іс бойынша іс жүргізумен байланысты шығыстар, олар республикалық бюджет қаражаты немесе күдіктінің, айыпталушының, сотталған адамның, олардың заңды өкілдерінің қаражаты есебінен өтеледі.

Сонымен қатар, қылмыстық сот ісін жүргізуге тартылған жеке тұлғаларға (жәбірленушілерге, жеке айыпталушыларға, куәлерге, сарапшыларға, аудармашыларға, куәгерлерге, адвокаттарға және т.б.) және заңды тұлғаларға (сараптамалық мекемелерге, қылмыстық қудалау органдарына және т.б.) төленетін төлемдер (сыйақылар).

Процестік шығындарды өндіруге қатысты мәселелерді шешкен кезде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қылмыстық істер бойынша процестік шығындарды өндіріп алу туралы» 29.06.2018 жылғы №10 нормативтік қаулысын басшылыққа алу керек.

«Арнайы жедел-ізвестіру іс-шараларын, жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуге байланысты шығыстар процестік шығындарға жатпайды»⁴⁷.

Жәбірленушілерді емдеуге жұмсалатын шығыстар процестік шығындар болып табылмайды, олар азаматтық қойылған талап бойынша ҚПК-нің 166-бабының 1-бөлігіне сәйкес қылмыстық іспен бір іс жүргізуде қаралуы тиіс.

Мысалы, сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында қылмыстық іс бойынша сараптама жүргізу үшін 20 000 теңге, арнайы жедел-ізвестіру іс-

46 «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 25.06.2015ж. №4 нормативтік қаулысы, 10.61.42.188/kaz/docs/P150000004S

47 «Қылмыстық істер бойынша процестік шығындарды өндіріп алу туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 29.06.2018ж. №10 нормативтік қаулысы, 10.61.42.188/kaz/docs/P180000010S

шараларын, жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуге байланысты 30 000 теңге шығындар жұмсалған.

Жаза тағайындау кезінде осы шығындардың тек сараптама жүргізу үшін жұмсалған шығындар ғана өндірілуге жатады.

8.3.1. Аудармашыларға төленетін төлемдер

Соттарда қаралатын қылмыстық істер бойынша судьялар сол сотта қызмет жасайтын мамандарды немесе сот отырысының хатшыларын аудармашы ретінде шақыртып, іс бойынша тіл білмейтін тұлғаларға (*куәларға, жәбірленушілерге, сотталушыларға және т.б.*) өздері білетін тілге (*мемлекеттік немесе ресми тілдерге*) аударма жасатады.

Ол үшін аудармашының жеке басын, жоғары білімін анықтап, қате аударма жасаған жағдайда қылмыстық жауаптылыққа тартылатынын ескертіп, қолхат алады. Бұдан әрі ол аудармашы үлкен жауаптылықта болады.

Алайда, тәжірибеде аталған аудармашыларға (яғни, соттардың мамандарына) аударма жасағандары үшін ешқандай ақы төленбейді. Кейбір соттың мамандары жылына 10-15 іс бойынша тегін аудармашылық жұмыс атқарады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде адамдардың шыққан шығыстарын өтеудің кейбір мәселелері туралы» 2014 жылғы 9 қазандағы №1070 қаулысының 13-тармағының 4-абзацына сәйкес «аудармашыларға сыйақы жазбаша аударманың 1 парағы (2000 белгіге дейін) немесе ауызша аударманың бір сағаты есебінен белгіленеді: орыс тілінен қазақ тіліне (және керісінше) – айлық есептік көрсеткіштің екіден бірінен аспайды»⁴⁸.

Яғни, орташа есеппен бір аудармашы жылына 3 сағаттан 10 іске қатысып, ауызша аударма жасаса, оның сыйақысы 51750 теңгені құрар еді (3450 АЕК / 2-ге, яғни жартысына = $1725 * 3 \text{ сағат} = 5175 * 10 \text{ іс} = 51750$).

Ал, керісінше, арнайы жоғары білімі бар аудармашылар (мысалы, жоғары оқу орындарының филолог мамандары) шақыртылған жағдайда, оларға сот үкімінде немесе қаулыда аударма жасағандары үшін ақы төлеу қажеттігі көрсетіледі.

Соттар мамандарға ақы төлемеуді ҚР ҚПК 175-бабының 1-бөлігінің 1) тармағына негіздейді.

Себебі, аталған тармаққа сәйкес «қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде тиісті жұмысты орындайтын аудармашы егер жұмысты қызметтік тапсырма тәртібімен орындаса – жұмыс орны бойынша жалақы алады»⁴⁹.

48 «Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде адамдардың шыққан шығыстарын өтеудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 09.10.2014ж. №1070 қаулысы, 10.61.42.188/kaz/docs/P1400001070

49 Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі, 04.07.2014ж. №231-V ҚРЗ, <http://10.61.42.188/kaz/docs/K1400000231>

Заңнаманың бұл нормасы түсініксіз және тәжірибеде орындалмайды. Оған соттың мамандарының аударма жасағандары үшін еңбекақыларына ешқандай мөлшерде артық қаражат немесе сыйақы қосылмайтыны дәлел.

ҚР ҚПК 177-бабының 4) тармағында «процестік шығындар аудармашыларға олардың сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында немесе сотта өз міндеттерін қызметтік тапсырма тәртібімен орындағаннан басқа жағдайларда орындағаны үшін төленетін сыйақыдан құралады»- деп көрсетілген. Соттар осы норманың да талабына сай, процестік шығын емес деген негізбен ақы төлемеуде.

Ал, сот маманы аудармашы ретінде шақыртылған қылмыстық іс бойынша ешқандай қызметтік тапсырма орындап жатқан жоқ. Оның қызметтік міндеті сот отырысына хатшылық жасау немесе т.б. Өйткені, ол басқа судьяның өндірісіндегі іске шақыртылады. Яғни, сот төрағасының немесе өзінің тікелей бағынатын судьясының арнайы тапсырмасы жоқ.

Сондықтан, судьялар ҚР ҚПК 175-бабының 1-бөлігінің 2) тармағын негізге алулары тиіс. Өйткені, аудармашылар егер **орындалған жұмыс олардың лауазымдық міндеттерінің аясына кірмесе** және оны жұмыстан тыс уақытта орындаса – Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерлемелер шегінде бюджет қаражаты есебінен сыйақы алады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қылмыстық істер бойынша процестік шығындарды өндіріп алу туралы» 2018 жылғы 29 маусымдағы №10 нормативтік қаулысының 9-тармағының 4-абзацында «Соттар аудармашыларға сыйақылар төлеу туралы шешімді аудармашының арызы негізінде қаулы нысанында қабылдайды, ол қылмыстық-процестік заңнаманың және Қағидалардың талаптарына сәйкес келуі тиіс» - делінген⁵⁰.

ҚПК 178-бабының 2 және 3-бөліктеріне сәйкес аудармашыға төленетін процестік шығындарды сотталған адамнан өндірмейді. Іске аудармашының қатысуына байланысты процестік шығындар мемлекет есебіне қабылданады. Егер аудармашы өз функцияларын қызметтік тапсырма тәртібінде орындаса, оның еңбегіне ақы төлеуді мемлекет аудармашы жұмыс істейтін ұйымға өтейді.

Осыған орай, республикада заңды біркелкі қолдану және сот мамандарына аудармашылық жұмыс жасағандары үшін еңбекақы төлеу жөніндегі ҚР ҚПК 175-бабының 1-бөлігінің 1) тармағының нақты орындалу механизмі мен тәртібін белгілейтін арнайы нормалармен қолданыстағы заңнамаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі тиіс деп санаймыз.

Бұл жөнінде де Бас прокуратураға ұсыныс жолданған болатын (12.07.2023 жылы).

⁵⁰ «Қылмыстық істер бойынша процестік шығындарды өндіріп алу туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 29.06.2018ж. №10 нормативтік қаулысы, 10.61.42.188/kaz/docs/P180000010S

8.4. Жаза тағайындау барысында кейбір қылмыстардың саралану ерекшеліктері

Бұрын тәжірибеде **қарақшылықпен ұштасқан** қасақана адам өлтіру қылмысын тек ҚР ҚК 99-бабы 2-бөлігі 8) тармағымен ғана саралайтын еді.

Қазіргі кезде дәл осы қылмысты жасағанда, атап айтқанда егер қарақшылық шабуыл барысында қолданылған күштің салдарынан кінәлі жәбірленушіге қасақана қаза келтірсе, онда жасалған әрекет қылмыстық құқықтық бұзушылықтардың жиынтығы ретінде ҚР ҚК-нің 192-бабы және 99-бабы 2-бөлігінің 8) тармағы бойынша саралануға жатады.

Яғни, міндетті түрде екі бап бірге тағылады.

Ал, бөтеннің мүлкін ұрлауды жеңілдету мақсатымен жасалған қасақана кісі өлтіру ҚР ҚК 99-бабы 2-бөлігінің 10) тармағында және ҚР ҚК 188-бабының тиісті бөлігінде көзделген қылмыстық құқықтық бұзушылықтардың жиынтығын құрайды.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» 2003 жылғы 11 шілдедегі №8 нормативтік қаулысының 23-тармағына сәйкес «қарақшылық жасау кезінде денсаулыққа орташа ауырлықтағы зиян, денсаулыққа ауыр зиян немесе абайсызда жәбірленушінің өліміне әкеліп соққан денсаулыққа ауыр зиян келтірген кезде кінәлінің әрекеттерін қарақшылықтың құрамы қамтитындықтан, ҚК-нің 106, 107-баптары бойынша қосымша саралау қажет етілмейді»⁵¹.

Бұдан басқа, егер кінәлі жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті дене жарақатын келтіру үшін пайдалану мүмкін емес көрінеу жарамсыз немесе оқталмаған қарумен не қаруға ұқсас (тапаншаның нобайы, ойыншық қанжар және т.б.) затпен қорқытса, онда кінәлінің әрекеттерін, егер басқа саралау белгілері болмаса, ҚК-нің 191-бабының 1-бөлігі бойынша саралау керек.

Егер кінәлі қаруды немесе қару ретінде пайдаланатын заттарды тікелей қолданбай, тек қолданамын деп қорқытса, онда оның әрекеттері ҚК-нің 192-бабының 1-бөлігі бойынша саралануы қажет.

Мал және басқа да **бөтеннің мүлкі** бір мезгілде ұрланған жағдайда жасалған әрекет ҚР ҚК 188-1 және 187 немесе 188-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша саралануға тиіс.

Бөтеннің үй құсын ұрлау ҚР ҚК 188-бабы бойынша жауаптылыққа әкеп соғады.

⁵¹ «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 11.07.2003ж. №8 нормативтік қаулысы, http://10.61.42.188/kaz/docs/P03000008S_

Мысалы, 2023 жылы 2 эпизодтан құралған қылмыстың біріншісі бойынша 30 000 теңге, екіншісі бойынша 5500 теңге ұрланған болса, сотталушының әрекеттері ҚР ҚК 188 және 187-баптармен қылмыстар жиынтығы бойынша саралануға жатады.

Өйткені, ҚР ҚК 3-бабы 10) тармағында болмашы мөлшер деп 187-бапта – ұйымға тиесілі мүліктің 10 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын немесе жеке тұлғаға тиесілі мүліктің 2 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын құны көрсетілген (2 АЕК x 3450 теңге = 6900 теңге).

Келтірілген зиян мөлшері 6900 теңгеден аспайтындықтан, сотталушының әрекеті ҚР ҚК 187-бабымен (**ұсақ-түйек жымқыру**) қайта дәрежеленуге жатады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы» 2015 жылғы 27 қарашадағы №8 нормативтік қаулысының 20-тармағына сәйкес «егер адам пара берушіден ақша немесе басқа құнды заттарды адамға пара ретінде беру үшін алып, бірақ апарып беру оның ойында болмай өзі пайдаланса, оның жасаған әрекеті алаяқтық ретінде саралануға тиіс. Егер бұл адам құндылықтарды иемдену мақсатында пара берушіні пара беруге итермелесе, онда оның әрекеті **алаяқтықпен** (ҚР ҚК 190-бабы) бірге **пара беруге айдап салушылық** (ҚР ҚК 28-бабы 4-бөлігі, 367-бабы) болып, ал мұндай жағдайларда пара берушінің әрекеті **пара беруге оқталғандық** (ҚР ҚК 24-бабы 3 бөлігі, 367-бабы) болып қосымша саралануға тиіс. Осы ретте пара берілетін нақты адамның көрсетілген-көрсетілмегені маңызды емес»⁵².

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «**Алаяқтық** туралы істер бойынша сот практикасы туралы» 2017 жылғы 29 маусымдағы №6 нормативтік қаулысының 4-тармағына сәйкес алаяқтық кезінде алдау ауызша, сонымен қатар жазбаша нысанда болуы мүмкін.

«Жымқыру кезінде жалған құжаттарды пайдалану алдау нысандарының бірі болып табылады. Басқа адам әзірлеген жалған ресми құжатты пайдалана отырып жасалған жымқыру алаяқтық құрамымен толық қамтылады және ҚР ҚК 385-бабы бойынша қосымша саралауды талап етпейді»⁵³.

Ал, егер адам құқық беретін немесе міндеттерден босататын жалған ресми құжатты қолдан жасау жолымен алаяқтық жасаса, жасалған әрекетті ҚР ҚК 385-бабының 1-бөлігінде және ҚР ҚК 190-бабының тиісті бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша саралаған жөн.

⁵² «Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 27.11.2015ж. №8 нормативтік қаулысы, 10.61.42.188/kaz/docs/P150000008S

⁵³ «Алаяқтық туралы істер бойынша сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 29.06.2017ж. №6 нормативтік қаулысы, <http://10.61.42.188/kaz/docs/P170000006S>

«Бұзақылық жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 12 қаңтардағы №3 нормативтік қаулысының 5-тармағына сәйкес «жәбірленушінің денсаулығына қасақана жеңіл дәрежедегі зиян келтірумен ұштасқан бұзақылық әрекеттер ҚР ҚК 293-бабының тиісті бөлігінде көзделген қылмыс құрамымен толықтай қамтылады»⁵⁴.

Сонымен бірге, бұзақылық ниетпен адамның денсаулығына ауырлығы орташа дәрежедегі зиян, ауыр зиян келтіру немесе бұзақылық ниетпен кісі өлтіру ҚК-нің адамның өмірі мен денсаулығына қарсы бұзақылық ниетпен жасалған қылмыс үшін жауаптылықты қарастыратын тиісті нормаларымен саралануы керек.

Бұзақылық ниетпен жәбірленушіні өлтіргенге немесе денсаулыққа ауырлығы орташа не ауыр зиян келтіргенге дейін, сондай-ақ ол әрекеттерден кейін жасалған бұзақылық әрекеттер аталған әрекеттермен бір ниетпен байланысты болмаса, барлық жағдайларда ҚР ҚК 293-бабымен дербес саралануға жатады.

Егер айыпты қоғамдық тәртіпті сақтау міндетін атқарушы немесе қоғамдық тәртіпті бұзудың жолын кесуші адамға қарсылық көрсеткен кезде оның денсаулығына ауыр зиян немесе ауырлығы орташа дәрежедегі зиян келтірсе, не оны өлтірсе, онда осыған негіздер болған кезде әрекетті ҚК-нің 293-бабы 2-бөлігінің 2-тармағымен қарастырылған қылмыстардың жиынтығы бойынша саралау керек және тиісінше аталған қылмыстар өзінің қызметтік міндетін атқарушы не кәсіби немесе қоғамдық парызын орындаушы адамға қатысты жасалған қылмыстар ретінде ҚК-нің 106-бабы 2-бөлігінің 2-тармағымен, ҚК-нің 107-бабы 2-бөлігінің 2-тармағымен немесе 99-бабы 2-бөлігінің 2-тармағымен саралануы тиіс (14-тармақ).

Егер кісі өлтіруге, денсаулыққа ауыр немесе ауырлығы орташа зиян келтіруге, мысалы, қызғаныш, кек алу, жеке бас араздығы және жеке қарым-қатынастың негізінде туындаған басқа сезімдер, сол сияқты жәбірленушінің жанжал немесе төбелесті бастаған заңға қайшы мінез-құлқы себеп болса, онда олар қоғамдық орында немесе бөгде азаматтардың көзінше жасалғанына ғана байланысты бұзақылық ниетпен жасалған деп қарастырылмайды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау туралы» 2007 жылғы 11 мамырдағы №1 нормативтік қаулысының 14-тармағына сәйкес «егер мүлікті иемдену ниеті адамға қаза келтіргеннен кейін пайда болса және пайдакүнемдік мақсаты адам өлтіру себебі болмаса, онда жәбірленушінің өмірін қиғаннан кейін оның мүлкін иемденуге байланысты кінәлінің әрекеттерін бөтеннің меншігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікті көздейтін ҚК-нің баптары бойынша, ал

⁵⁴ «Бұзақылық жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 12.01.2009ж. №3 нормативтік қаулысы, 10.61.42.188/kaz/docs/P09000003S_

адам өлтіруді, саралау белгілерінің болуына байланысты ҚК-нің 99-бабының тиісті бөліктері бойынша саралау керек»⁵⁵.

Адам өлтіруге дейін де, кейін де жасалған және олармен біртұтас ниеттегі байланыста емес, бұзақылық ниетпен жасалған бұзақылық әрекеттер ҚК-нің 293-бабының тиісті бөлігі бойынша дербес саралануға жатады.

Бұл айтылған және өзге де қылмыстарды саралау мәселелері ҚР ҚК-де көрсетілмеген. Олардың ішіндегі ең қажеттілеріне ғана тоқталып өттік.

Сондықтан, қылмыстың түріне қарай ҚР ҚК құрамдас бөлігі болып табылатын тиісті нормативтік қаулылардың ережелеріне аса мән беру қажет.

8.5. Татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатудың кейбір мәселелері

ҚР ҚК 68-бабының 1-бөлігіне сәйкес «қылмыстық теріс қылық немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам, егер ол жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатады»⁵⁶.

«Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 68-бабын қолдану жөніндегі сот практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 21.06.2001 жылғы №4 нормативтік қаулысының 3-1-тармағының 6-абзацына сәйкес «бұл ретте адам қылмыстық теріс қылықты немесе онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмысты алғаш рет жасағандығының не оның әрекеттерінде қылмыстардың бірнеше рет жасалуының, жиынтығының немесе қайталануының бар болуының, алдыңғы үкім бойынша жазасы өтелген-өтелмегендігінің немесе жаңа қылмыс жазасын өтеу кезеңінде не пробациялық бақылау немесе үкімді орындаудың мерзімін кейінге қалдыру не шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған кезде жазасының өтелмей қалған бөлігінің ішінде жасағандығының маңызы жоқ»⁵⁷.

Бұдан, тұлғаның бұрын сотталғандығына және жазасының әлі өтелмегендігіне еш қарамастан жәбірленушімен татуласса қылмыстық жауаптылықтан босатылатынын анық көруге болады.

Ал, енді ҚР ҚК 68-бабы 4-бөлігі 8) тармағына сәйкес «осы баптың ережелері бұрын жасаған қылмысы үшін тараптардың татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылғаннан кейін осы Кодекстің 71-бабының 1-бөлігінде белгіленген қылмыстық жауаптылыққа тартудың

55 «Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 11.05.2007ж. №1 нормативтік қаулысы, 10.61.42.188/kaz/docs/P07000001S_

56 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 03.07.2014ж. №226-V ҚРЗ, 10.61.42.188/kaz/docs/K1400000226#z1708

57 «Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 68-бабын қолдану жөніндегі сот практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 21.06.2001ж. №4 нормативтік қаулысы, https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P01000004S_

ескіру мерзімі ішінде қасақана қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайды»⁵⁸.

Мысалы, соттың 01.01.2023 жылғы қаулысымен ҚР ҚК 188-бабы 1-бөлігімен айыпталған Сұғанақов ҚР ҚК 68-бабы 1-бөлігіне сәйкес жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылды делік.

Егерде ол 01.06.2023 жылы қайталап, ҚР ҚК 188-бабы 1-бөлігінде көзделген ұрлық жасағаны үшін жәбірленушімен татуласқанына қарамастан ҚР ҚК 68-бабы 1-бөлігіне сәйкес қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатпайды.

Себебі, оның алғашқы қылмысы ҚР ҚК 11-бабы 3-бөлігіне сәйкес орташа санаттағы қылмыстар қатарына жатады. Ал, ҚР ҚК 71-бабы 1-бөлігі 3) тармағына сәйкес, ол алғашқы қылмысты жасаған күннен бастап ескіру мерзімі – 5 жыл өтпеген.

Сондықтан, Сұғанақовқа ҚР ҚК 68-бабы 1-бөлігімен келесі жауаптылықтан босатуды 01.01.2028 жылдан кейін ғана қолдануға болады.

ҚР ҚК 68-бабы 4-бөлігі 8) тармағының нормалары тек қылмыс жасағандарға ғана арналған. Яғни, аталған норманың теріс қылық жасаған адамдарға еш қатысы жоқ. Себебі, теріс қылық жасағандарды татуласуға байланысты жауаптылықтан босатудың саны шектелмегенін байқауға болады.

Жоғарыда аталған «Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 68-бабын қолдану жөніндегі сот практикасы туралы» нормативтік қаулының 13-2-тармағының 3-абзацына сәйкес, «бір іс жүргізуде қаралатын бірнеше рет жасалған қылмыстар туралы істер бойынша өзіне айыптаудың алдыңғы эпизоды бойынша ҚК-нің 68-бабы бірінші бөлігінің ережелері қолданылған адам, ҚК-нің 68-бабының төртінші бөлігінің 8) тармағында санамаланған адамдардың қатарына жатпайды, өйткені келесі қылмыс жасалған кезде бұл адам бұрын жасалған қылмысы үшін тараптардың татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылған адам болып табылмайды»⁵⁹.

Бұл норма тек соттардың қолдануына арналған. Себебі, онда «бір іс жүргізуде **қаралатын**» деген сөздер бар.

Яғни, «бір іс жүргізуде **тергелетін**» деген сөздер жазылмаған.

Сонымен қатар, бұл норма сотқа бір іспен келіп түскен бірнеше қылмыстарға (эпизодтарға) арналған. Ал, бұл жағдай жеке-жеке (бөлек-бөлек) келіп түскен істерге қолданылмайды дегенді білдіреді.

Мысалы, сотқа 5 эпизодты құрайтын қылмыстар бойынша бір іспен келіп түскен әрбір эпизод бойынша сотталушы жәбірленушілермен

⁵⁸ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 03.07.2014ж. №226-V ҚРЗ, 10.61.42.188/kaz/docs/K1400000226#z1708

⁵⁹ «Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 68-бабын қолдану жөніндегі сот практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 21.06.2001ж. №4 нормативтік қаулысы, https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P01000004S_

татуласуға байланысты бір үкіммен немесе қаулымен қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

Ал, сотталушыға тағылған айыптағы қылмыстарды «бірнеше рет» жасағандығының белгісі автоматты түрде алынып қалады.

Атап айтқанда, ҚР ҚК 12-бабының 2-бөлігіне сәйкес «егер адам бұрын жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы үшін сотталған не заңда белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған болса, қылмыстық құқық бұзушылық бірнеше рет жасалған деп танылмайды»⁶⁰.

Бұл ситуацияны түсінікті болу үшін кесте түрінде көрсететін болсақ:

34-кесте

Қылмыс эпизод-тары	Тергеу органымен дәрежеленуі	Сотпен қайта дәрежеленуі	Жәбірленушімен татуласуының орын алуы	ҚР ҚК 68-бабы 1-бөлігін қолдану
1	188-бабы 1-бөлігі	188-бабы 1-бөлігі	татуласты	Татуласуға байланысты жауаптылықтан босатылды
2	188-бабы 3-бөлігі 2) тармағы	188-бабы 1-бөлігі	татуласты	Татуласуға байланысты жауаптылықтан босатылды
3	188-бабы 3-бөлігі 2) тармағы	188-бабы 1-бөлігі	татуласты	Татуласуға байланысты жауаптылықтан босатылды
4	188-бабы 3-бөлігі 2) тармағы	188-бабы 1-бөлігі	татуласты	Татуласуға байланысты жауаптылықтан босатылды
5	188-бабы 3-бөлігі 2) тармағы	188-бабы 1-бөлігі	татуласты	Татуласуға байланысты жауаптылықтан босатылды

Аталған эпизодтардың біреуі (немесе бірнешеуі) бойынша жәбірленушімен татуласпаса, онда сотталушыға қатысты айыптау үкімі шығарылып, тиісті жаза тағайындалады.

Татуласуға байланысты қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы істі алдын ала тыңдау сатысында және басты сот талқылауының кез келген сатысында шығарылуы мүмкін.

Ал, үкім тек басты сот талқылауы аяқталғаннан кейін шығарылады.

⁶⁰ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 03.07.2014ж. №226-V ҚРЗ, 10.61.42.188/kaz/docs/K1400000226#z1708

Қорытынды

Бұл оқу-әдістемелік құралында қылмыстық істер бойынша шығарылатын сот үкімінің қарар бөлігіндегі негізгі және қосымша жазалардың дұрыс тағайындалуына, қылмыстық-атқару жүйесінің тиісті қауіпсіздік мекемелерінің белгіленуіне қатысты заңнама нормаларының дәл қолданылуына аса назар аударылды.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың және үкімдердің жиынтығы, қылмыстардың қайталануы немесе қауіпті қайталануы, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар болғанда белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындау, кейбір қылмыстар бойынша іс-әрекеттердің саралануы және т.б. жағдайлар кезінде заңнамаларда көзделген қажетті нормаларды ескерудің ерекшеліктері де мысалдармен атап өтілді.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасауға кінәлі деп танылған адамға осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында белгіленген шектерде және осы Кодекстің Жалпы бөлігінің ережелері ескеріле отырып, әділ жаза тағайындалады. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға оның түзелуі және жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін қажетті және жеткілікті жаза тағайындалуға тиіс (ҚР ҚК 52-бабы 1, 2-бөліктері).

Бас Прокурордың салалық нұсқаулығына сәйкес, сотқа қатысатын мемлекеттік айыптаушыға: заңды, негізді және әділ сот шешімінің шығарылуын қамтамасыз ету; бірізді сот практикасын қалыптастыруға ықпал ету; қылмыстық процеске қатысушылардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау міндеттелген.

Әрбір сот актісімен адамның тағдыры шешіледі, оның құқығы мен бостандығы қылдай таразыдағы бәске қойылады.

Кейде жазаның қате тағайындалуы салдарынан оны түзету тым кеш болып жатады.

Әртүрлі қылмыстарға қатысты тағайындалатын жазаларды гуманизациялау, яғни жеңілірек қылмыстар жасаумен құқық бұзған адамның тағдырына балта шаппау жағын да қарастыру керек.

Себебі, білместікпен жасап, жасаған әрекетіне шын өкінетін, алдағы уақытта бұндай теріс жолдарға ешқашан ұрынбауды мақсат тұтатын адамдар да жоқ емес.

Осыдан 20 жыл бұрын бір тауық ұрлағаны үшін 1 жылға бас бостандығынан айыру жазасы қолданылып жүрді.

Сол кездегі тәжірибеде жаңағы 1 тауық ұрлап, жазасын өтеп келген адамның 2 тауық ұрлап, қылмысты қайталағаны үшін 3 жылға сотталған жағдайлар кездесті.

Заңсыз бірнеше жылға сотталып, кейін ақталғандар да жоқ емес.

Қылмыстық заңнама адамның тағдырын шешетіндіктен, соның ішінде жәбірленушілер мен басқа да процеске қатысушылардың құқықтарын қорғауға бағытталғандықтан, кінәлінің қылмысқа қатыстылығын дәлелдеу

және оған тиісті жаза тағайындау мәселелері қаралатындықтан дәлме-дәл әрі дұрыс қолданылуы үшін әрдайым кемшіліксіз болуы тиіс.

Осыған орай, заңнамаларды жетілдіру жөніндегі пікірлер де айтылып өтті.

Қылмыстық жаза ішкі түйсікпен қара қылды қақ жаратын, ешкім күмән тудырмайтындай әділ қабылдануы тиіс.

Бірінші сатыдағы сот қате жаза тағайындаса, оны түзейтін апелляция, кассация алқалары бар. Жаңадан ашылған мән-жайлармен қайта қаралуы да мүмкін. Бірақ, кез келген жаза айна қатесіз бірден дұрыс тағайындалғаны абзал.

Жазаның дұрыс әрі әділ тағайындалуына ең бірінші бағыт-бағдар беруші мемлекеттік айыптаушы.

Ол өзінің жетекшіл бастамашылдығымен, табандылығымен, қайсарлығымен, мақсатқа бағыттаушылығымен және анағұрлым ұйымдастырушылық қабілетімен көрінуі тиіс.

Бұрынғы кездерде мемлекеттік айыптаушылар сотқа ғана түсінікті баптар мен терминдердің құрғақ тілімен сөз сөйлеген болса, бүгінгі таңда алқабилер алдында мақал-мәтелдерді, ұлы ойшылдардың дәйексөздерін, өмірден алынған нақты мысалдарды асқан үйлесімділікпен қарапайым қызыл тілмен жеткізуді қажет етеді.

Жүйелі сөздің өтімі болады,

Жүйесіз сөздің кетімі болады (Нақысбек би).

Қолданылған әдебиеттердің тізімі:

1) Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 03.07.2014ж. №226-V ҚРЗ, [Электронды ресурс] – қолжетімді
режим: <https://10.61.42.188/kaz/docs/K1400000226#z1708> (жүгінген күні: 28.11.2023ж.).

2) Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексі 05.07.2014ж. №235-V ҚРЗ, [Электронды ресурс] – қолжетімді
режим: <https://10.61.42.188/kaz/docs/K1400000235> (жүгінген күні: 28.11.2023ж.).

3) «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 25.06.2015ж. №4 нормативтік қаулысы, [Электронды ресурс] –қолжетімді
режим: <https://10.61.42.188/kaz/docs/P150000004S> (жүгінген күні: 28.11.2023ж.).

4) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес қамаққа алуды жаза ретінде қолданудың кейбір өзекті мәселелері, М.А.Алдиярхан - Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы, Құқық сериясы ISSN:2616-6844, eISSN:2663-1318, 118 бет. [Электронды ресурс] – қолжетімді
режим: [https://file:///C:/Users/UserHome/Downloads/%D0%9F%D1%80%D0%B0%D0%B2%D0%BE+%E2%84%961+-+2022-113-123%20\(3\).pdf](https://file:///C:/Users/UserHome/Downloads/%D0%9F%D1%80%D0%B0%D0%B2%D0%BE+%E2%84%961+-+2022-113-123%20(3).pdf) (жүгінген күні: 28.11.2023ж.).

5) Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі, 04.07.2014ж. №231-V ҚРЗ, [Электронды ресурс] –қолжетімді
режим: <http://10.61.42.188/kaz/docs/K1400000231> (жүгінген күні: 28.11.2023ж.).

6) «Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуын және жиынтығын саралау туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 25.12.2006ж. №11 нормативтік қаулысы, [Электронды ресурс] –қолжетімді
режим: https://10.61.42.188/kaz/docs/P06000011S_ (жүгінген күні: 28.11.2023ж.).

7) «Соттардың қылмыстардың қайталануы туралы заңдарды қолдануы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 25.12.2007ж. №8 нормативтік қаулысы, [Электронды ресурс] –қолжетімді
режим: http://10.61.42.188/kaz/docs/P07000008S_ (жүгінген күні: 28.11.2023ж.).

8) Күшін жойған Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 16.07.1997ж. №167, [Электронды ресурс] –қолжетімді
режим: http://10.61.42.188/kaz/docs/K970000167_ (жүгінген күні: 28.11.2023ж.).

9) «Бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің түрлерін тағайындау жөніндегі сот практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 23.06.2006ж. №7 нормативтік қаулысы, [Электронды ресурс] –қолжетімді

режим: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P06000007S_ (жүгінген күні: 28.11.2023ж.).

10) «Кәмелетке толмаған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтары және оларды қылмыстық құқық бұзушылықтар мен қоғамға қарсы өзге де іс-әрекеттер жасауға тарту жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы, 11.04.2002ж. №6, [Электронды ресурс] –қолжетімді
режим: http://10.61.42.188/kaz/docs/P02000006S_ (жүгінген күні: 28.11.2023ж.).

11) Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі, 05.07.2014ж. №234-V ҚРЗ, [Электронды ресурс] –қолжетімді
режим: <http://10.61.42.188/kaz/docs/K1400000234#z156> (жүгінген күні: 28.11.2023ж.).

12) «Бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің түрлерін тағайындау жөніндегі сот практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 25.06.2006ж. №7 нормативтік қаулысы, [Электронды ресурс] –қолжетімді
режим: http://10.61.42.188/kaz/docs/P06000007S_ (жүгінген күні: 28.11.2023ж.).

13) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық процесте азаматтардың құқықтарын қорғауды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 19.12.2020ж. № 384-VI ҚРЗ, [Электронды ресурс] –қолжетімді
режим: <https://10.61.42.188/kaz/docs/Z2000000384> (жүгінген күні: 28.11.2023ж.).

14) «Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 27.11.2015ж. №8 нормативтік қаулысы, [Электронды ресурс] –қолжетімді
режим: <https://10.61.42.188/kaz/docs/P150000008S> (жүгінген күні: 28.11.2023ж.).

15) «Қылмыстық істер бойынша процестік шығындарды өндіріп алу туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 29.06.2018ж. №10 нормативтік қаулысы, [Электронды ресурс] –қолжетімді
режим: <https://10.61.42.188/kaz/docs/P180000010S> (жүгінген күні: 28.11.2023ж.).

16) «Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде адамдардың шыққан шығыстарын өтеудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 09.10.2014ж. №1070 қаулысы, [Электронды ресурс] –қолжетімді
режим: <https://10.61.42.188/kaz/docs/P1400001070> (жүгінген күні: 28.11.2023ж.).

17) «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 11.07.2003ж. №8 нормативтік қаулысы, [Электронды ресурс] –қолжетімді

режим: http://10.61.42.188/kaz/docs/P03000008S_ (жүгінген күні: 28.11.2023ж.).

18) «Алаяқтық туралы істер бойынша сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 29.06.2017ж. №6 нормативтік қаулысы, [Электронды ресурс] –қолжетімді
режим: <http://10.61.42.188/kaz/docs/P170000006S> (жүгінген күні: 28.11.2023ж.).

19) «Бұзақылық жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 12.01.2009ж. №3 нормативтік қаулысы, [Электронды ресурс] –қолжетімді
режим: https://10.61.42.188/kaz/docs/P09000003S_ (жүгінген күні: 28.11.2023ж.).

20) «Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 11.05.2007ж. №1 нормативтік қаулысы, [Электронды ресурс] –қолжетімді
режим: https://10.61.42.188/kaz/docs/P07000001S_ (жүгінген күні: 28.11.2023ж.).

21) «Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 68-бабын қолдану жөніндегі сот практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 21.06.2001ж. №4 нормативтік қаулысы, [Электронды ресурс] –қолжетімді
режим: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P01000004S_ (жүгінген күні: 28.11.2023ж.).

Оқулық басылымы

Бектен Айболат Саматұлы

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУДЫҢ ФОРМУЛАСЫ

ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛЫ

Пішімі 60x90/16

Шартты баспа парақтары 3.62

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының
жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы» ММ

010078, Ақмола облысы, Қосшы қ., Республика к., құрылыс-94

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының
жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының
баспаханасында басылып шықты